

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ӘЗ-НАУРЫЗ – ТАЗАРУ, ЖАҢАРУ УАҚЫТЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақжәшіт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

АРАЛ МАҢЫ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Ресми ақпарат бойынша Үкімет басшысы Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізу орталығының отырысын өткізіп, онда көгалдандыру, оның ішінде орман алқаптарын құру, өңірлерде экологиялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері қаралған. Жиында баяндама жасаған Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев еліміздегі орман алқаптары және Арал теңізінің құрғаған түбіне ағаш отырғызу жұмыстарының барысын баяндап, жергілікті атқарушы органдарға ерекше жүктеліп, экологиялық іс-шаралар өткізу, аумақтарды абаттандыру, рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою және «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыруға халықты экологиялық акцияларға тарту жұмыстарын ұйымдастырып, үйлестіру жүктеліп отырғанын атап айтқан. Экология және табиғи ресурстар министрінің деректері бойынша 2021-2025 жылдар аралығында республикада шамамен 1,6 млрд. ағаш отырғызылыпты,

Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ: Президентіміздің «Таза Қазақстан» бастамасының негізгі қағидадары, оның ішінде халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты негізгі құндылықтар еліміздің жаңа Конституциясында нақты бекітілген. Табиғатты қорғау – құр сөз емес, ол баршамыздың ортақ конституциялық борышымыз. Еріктілер ұйымдары мен жастардың өлеуетін пайдалануымыз керек. Олардың белсенді қатысуы табиғатқа қамқорлықпен қараудағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Біз Конституцияда бекітілген жаңа экологиялық мәдениеттің негізін қалаймыз. Арал теңізі аймағында ағаш отырғызу және экологиялық ахуалды жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстар Мемлекет басшысының экологияны қалпына келтіру және сақтау, қауіпсіз қоршаған ортаны дамыту қағидадарына деген берік ұстанымын көрсетеді. Қазір онда сәкәуіл алқаптары егілуде. Олар тұзды дауылдарға тосқауыл болып, өңірдің экожүйесін қалпына келтіруге ықпалын тигізеді.

ал биыл 210 млн-нан астам көшет егу жоспарлануда. Жалпы ауданы 2,7 мың гектар болатын 243 орман төлімбағында шамамен 157 млн. көшет өсірілуде екен. Осы жылы тағы 6 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, олардың әрқайсысының өндірістік қуаты жылына 6 млн. көшетті құрайды. Арал өңірінің экожүйесін

қалпына келтіру шеңберінде 2021-2025 жылдары мелиорациялық орман жұмыстары 1 млн. гектардан астам алқапта жүргізілген, ал қазіргі уақытта 165 мың гектар алқапта жалғасуда. Ғылыми сүйемелдеуді қамтамасыз ету мақсатында өңірде Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы

ғылыми-зерттеу институтының филиалы құрылған. Арал теңізінің құрғаған түбінде төлімбақ құрылысы жүрде. Сонымен қатар «Арал Орманы» мемлекеттік табиғи резерватын құру аяқталуда. Үкімет басшысы мемлекеттік органдар мен өкімдіктердің назарын мөлдімделген жоспарларды орындаудан бөлек егілген ағаштардың көп көлемде жерсініп кетуін қамтамасыз етуі қажеттігіне де аударды. Осыған байланысты Экология және табиғи ресурстар министрінің өкімдіктермен бірлесіп, көшеттердің жерсініп кетуін міндетті түрде қадағалай отырып, биылға жоспарланған отырғызу көлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жариялаған цифрландыру жылын ескере отырып, жерді қашықтықтан зондтау, дрондар мен ЖИ элементтері сынды цифрлық шешімдерді белсенді енгізу тапсырылды. Биылғы сәуір айының соңына дейін Қызылорда және Түркістан облыстарындағы Арал теңізінің құрғатылған түбінің 165 мың алаңында мелиорациялық орман жұмыстарын аяқтау міндеті қойылды.

Өз-Наурыз – тазару, жаңару уақыты. Тазалық – мән-мағынасы кең ұғым. Бұл – ең алдымен, ой тазалығы, сана мен ниет тазалығы деген сөз. Осыдан екі жыл бұрын елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы бастау алды. Ауқымды жоба халықтың, әсіресе, жастардың жаппай қолдауына ие болды. Азаматтарымыз тазалықты құр сөзбен емес, нақты ісімен көрсетуде. Ұқыптылық, жинақылық, тиянақтылық қасиеттері ұлтымыздың жаңа сапасына айнала бастады.

«Таза Қазақстан» бастамасы – жай ғана кезекті саяси науқан немесе үгіт-насихат емес, бұл – мемлекетіміздің мызғымас идеологиясы.

Сондықтан осы игі іспен біз жыл бойы айналысуымыз керек, бұл ұлт болмысының ажырамас бөлігі болуға тиіс. Әсіресе, Ұлыстың ұлы күні тазалық философиясын кеңінен дәріптеу маңызды. Қазір Қазақстанда түбегейлі өзгерістер кезеңі басталды. Оны баршаңыз жақсы білесіздер. Бәріміз бір ел болып Конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Бұл реформаның тарихи мән-мағынасы ерекше. Оның ел дамуына тигізетін ықпалы аса күшті боларына күмән жоқ.

Жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданды, бұл жастарға арналған құжат десек, қате болмайды.

Елімізге жаны ашитын, яғни шын мәнінде жанашыр ұрпақ қана Қазақстанның көркеюіне мол үлес қоса алады. Еліміздің келешегі – отаншыл, жасампаз, жауапкершілігі мол жастардың қолында. Біз ешқандай кедергі мен қиындыққа қарамай, елімізді өркендету жолына шығаруымыз керек. Халқымыздың тарихи тағдыры – өзіміздің қолымызда. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Шындықты айтсақ, Қазақстанның дамуы мен өрлеуі бізден басқа ешкімге керек жоқ. Сондықтан қазіргі ұрпақ Отанымыздың баянды болашағы үшін барлық жағдайды жасауы керек.

Бәріміз бір ұлт болып, бір ел болып осы ұлы тарихи жорықта міндетті түрде жеңіске жетуіміз қажет.

Бұл – біздің ең басты міндетіміз, миссиямыз. Ұлыстың ұлы күні Жер Ана да, еліміз де жаңарып жатқан осы тарихи сәтте айтылған тілектің мән-мағынасы айрықша деп ойлаймын. Сондықтан ең бастысы елімізге амандық, жерімізге тыныштық тілеймін.

(Наурыз мейрамымен құттықтауынан)

БҰЛАҚТАР - БАЛАМАЛЫ СУ КӨЗІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері және экобелсенділердің қатысуымен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Мөлдір бұлақ» атты ауқымды экологиялық акция өтті. Бұлақтар мен жағалау аумақтары тазартылып, оған 16 000-нан астам адам қатысты, 425 тоннадан астам тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен қатар, 140-тан астам арнайы техника жұмылдырылып, жұмыстың сапалы әрі жедел орындалуына мүмкіндік жасалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Қымбатты отандастар!

Бүгін «Тазару күніне» орай еліміздің әр түкпірінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының жаңа кезеңіне жол ашатын ауқымды экологиялық акция басталды.

Бұл – Наурызнама онқұндігінде айрықша орын алатын құс. Қоғамымыздың жаңғыруы күллі табиғаттың жаңаруымен тұспа-тұс келіп отыр. Уақыт пен іргелі өзгерістердің осылай үндесуі баршамызға Отанымыздың игілігі жолында аянбай еңбек етуге айрықша күш-жігер беретіні сөзсіз.

Республика аумағында «Мөлдір бұлақ» бастамасын жаппай жүзеге асыру қолға алынды. Бұл жоба аясында бұлақтардың көзін ашып, тал егу, жағалаулар мен су айдындарын, аулалар мен саябақтарды тазалау жұмыстары жалғаса береді.

Наурыз мейрамы кезінде қабылданған Жаңа Халық Конституциясында азаматтарымыздың табиғатқа қамқорлықпен қарауы ұлттық дүниетанымымыздың басты қағидатының бірі ретінде айқындалған.

Жаңа Халық Конституциясы ел бірлігінің арқауы, рухани және құқықтық бағдарымыз әрі Тәуелсіздігіміздің мызғымас тұғыры болатыны күмәнсіз.

Ата заңымыз қоғамда дүниетанымымыз бен бітім-болмысымыздың өзегі саналатын ынтымақ, жауапты әрі жасампаз отаншылдық, сондай-ақ «Таза Қазақстан» құндылықтарын қалыптастырады.

«Таза Қазақстан» идеологиялық тұжырымдамасының түпкі мәні көшелерді, аулаларды және айналамызды таза ұстаудан ғана емес, Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыруға бастайтын ниет пен пейілдің тазалығынан көрініс табады.

Отандастарымызды Тазару күнімен құттықтаймын! Қазір табиғат игіліктерін ұқыпты пайдалану және саналы тұтыну жолын таңдаған азаматтарымыздың саны артып келеді. Бұл – жарқын болашағымызға келіп болатын игі үрдіс.

Мен бүкіл халқымызды тазалық пен төртін эстафетасына белсене қатысуға шақырамын.

Бәріміз күш біріктірсек, елімізді биік белестерге жетелеп, Өділетті, Таза, Өркендеген Қазақстанды құра аламыз. Баршаңызға амандық және бақ-береке тілеймін!

Үндеуден

Өңірдің барлық ауданында Сырдария өзенінің жағалауы, Арал ауданындағы «Ақеспеде», Жаңақорған ауданындағы «Қайнарбұлақта» табиғи су көздері тазартылып, маңы абаттандырылды.

Жалпы бұлақтар су ресурстары тапшы аймақтар үшін баламалы су көзі ретінде ерекше маңызға ие. Осындай игі бастамалар табиғатты қорғаудағы ортақ жауапкершілікті арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға сүбелі үлес қосады.

Аймақта «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс атқарылуда.

Бюджет қаражатынан бөлек кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен демалыс орындары, балалар ойын және спорт алаңдары, қоғамдық кеңістіктер кезең-кезеңімен қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи талаптарға сай жөндеуден өткізілуде.

Соңғы жылдары бюджет және демеушілік қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, тұрғындар игілігіне берілді. Сонымен қатар, жуырда Президент саябағы қайта салынып ашылды.

Ауылда қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру және тұрғындарды тазалық мәдениетіне ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы ұйымдастырылып келеді. Аталған жобаға соңғы үш жылда 2 млрд. 64 млн. теңге бөлініп, үздік деп танылған елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару, сұрыптау, өңдеу және көдеге жаратуға «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен 9 жоба қолға алынған.

Жаңақорған ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау кешені толық қаржыландырылып, қажетті құрал-жабдықтары жеткізілді. Қазір нысанды іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Қалған 8 жобаны «Өнеркәсіпті дамыту қоры» сараптамадан өткізіп, қаржыландыру үшін тиісті келісім-шарттар жасалуда.

Будан бөлек, биылық бюджет есебінен 475 млн. теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынып, іске қосылды.

«ҚОРҚЫТТЫҢ» ИНЖИНИРИНГ ПАРКІ – ҚАЛА КӨРКІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда

СеулТех университетімен білім, ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылды.

Нәтижесінде сол жылы 6 қарашада Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп, жасанды интеллекттің экономиканың

дамытуға бағытталған жұмысты жалғастырамыз», – деді аймақ басшысы.

90 жылдық тарихы бар университетте ғылымды дамыту және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытында 580 профессор-оқытушы



университеті «Инжинирингтік паркінің» іргетасын қалау рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты мерекелен құттықтап, басталған іске сәттілік тіледі. – «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жасанды интеллекттің дамыту, бұл – ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс», – деп цифрландырудың басты міндеттерін орындауды тапсырды.

2023 жылы Қазақстандағы Корея Республикасы Бас Консулдығының ресми шақыртуымен облыстан арнайы делегация Оңтүстік Кореяға барған болатынбыз. Сапар барысында екіжақты кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырылды.

барлық саласына енгізуге білікті кадрлар дайындау үшін Қорқыт Ата университетінде Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты ашылды.

Бүгінде институтта 240 студент, оның 200-і бірлескен білім беру, 40-ы координатор бағдарлама бойынша оқиды. Болашақ мамандар аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше серпін береді деп сенеміз.

Қорқыт Ата университетіне қырық жылдан астам уақыттан бері жаңа оқу ғимараты салынбаған. Инжинирингтік парк қаламыздың саулетіне ерекше көрік беретін заманауи нысан болады. Алдағы уақытта да талантты, дарынды жастарымызды қолдауға, әсіресе ғылымды

қызмет атқарады. Оқу орнында 155 мамандық бойынша 11 мыңнан астам студент білім алады, оның ішінде 5 375-і мемлекеттік грант, 5 690-ы ақылы негізде оқиды.

Соңғы бес жылда білім алушылар санының өсуі мен ғылыми жобаларды қаржыландырудың артуы есебінен университеттің табысы үш есе ұлғайған. 2020 жылдан бері материалдық-техникалық база, Ботаникалық бақ қайта жаңғыртылды.

Студенттердің инновациялық идеялары мен стартап-жобаларын іске асыратын бизнес-инкубациялық орталық бар. 2020-2025 жылдары университет әлемдік рейтингтерге алғаш рет енді.

ҚАЙТА САЛЫНҒАН ПРЕЗИДЕНТ ПАРКІ



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылордадағы қайта салынған Президент паркінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Рәсімге құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, барлық ауданнан келген делегаттар арнайы қатысты.

Аймақ басшысы қала тұрғындарын саябақтың ашылуымен құттықтап, өңірде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында атқарылған жұмыстарды атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы», – деген болатын.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы тұрғындар арасында тазалық мәдениетін кеңінен насихаттауға, туған жерімізді көркейтуге тың серпін берді. Жоба аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауда кешенді жұмыстар атқарылуда. Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізіліп келеді.

Саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар ірі жоба қолға алынған. Атап айтқанда 6 гектар жерге 300 орындық заманауи балалар лагері, 2,4 гектарға Ботаникалық білім беру орталығы, 8,2 гектарға тоғыз қабатты 15 тұрғын үй салынауда. Бұдан бөлек 200 төсектік жаңа перинаталдық орталық құрылысы қарқын алды. Жақын күндері 5,5 гектар аумақта жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталады.

Өңірімізде біркелкі дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекендер бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Қызылорда қаласында 2 млрд. 905 млн. теңгеге 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталды. Биыл да бұл жұмыс жалғасын тауып, 900 млн. теңгеге қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртылуда. Өткен жылы 1 млрд. 300 млн. теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулаларына балалар ойын, спорт алаңдары салынып абаттандырылды.

Облыс орталығында жаңа нысандар бой көтеріп, жасыл желек пен саябақтар саны көбейіп, озық сәулет үлгісі қалыптасуда. Өскекең ұрпақ үшін таза, жайлы әрі қауіпсіз орта құру алдағы уақытта да жалғасады. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясындағы акцияларға, табиғат қорғау шараларына жастар мен қоғам белсенділері қатысып, үлес қосуда.

Саябақты сапалы етіп қайта салған «Алем Құрылыс» компаниясының ұжымына Сыр жұртшылығының, Өзіміз атымынан шынайы алғысымды білдіремін! Егемен елімізді көркейту жолындағы істеріміз табысты болсын!» – деді аймақ басшысы.

Жаңа саябақ аумағына заманауи субұрқаттар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді.

Рәсімде Президент паркіндегі жұмыстарды сапалы атқарған мердігер мекеме өкілдері мен экологиялық акцияларға белсенді атсалысқан еріктілер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Жарылқасын Шәріпов ізгі лебізін білдірді.

«ЭТНО QUIZ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСЫ ӨТТІ

Еліміздегі Судьялар Одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы және ҚР Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ұйымдастыруымен сот қызметкерлері арасында «Этно Quiz» интеллектуалды сайысы өткізілді.

Сайыстың негізгі мақсаты - сот қызметкерлерінің шығармашылық қабілетін шыңдау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және әріптестік байланысты нығайту болып табылады.

Департамент басшысы М.Асанова сайысты ашып, мұндай танымдық шаралардың маңыздылығына тоқталып, әр мемлекеттік қызметші халқымыздың тарихын, тілін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын терең білу қажет екенін атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауда Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің, аудандық және оған теңестірілген соттардың мамандарынан құрылған «Ұлағат», «Ақиқат», «Бінтымақ», «Хан Төңірі» және «Алтын Орда» атауларымен 5 команда өнер көрсетті.

Сайыс бес кезең бойынша өткізіліп, қатысушылар «Quiz» сұрақтарына жауап беріп, жасырылған суреттерді, әуендер мен тұлғаларды анықтап, кино тақырыбы бойынша білімдерін ортаға салды. Сонымен қатар әр команда өз өнерлерін көрсетіп, сайыстың көркін келтірді.

Бағалау кезінде қатысушылардың білімі мен белсенділігіне мән берілді. Мазмұнды әрі тартысты өткен сайыстың қорытындысы бойынша «Хан тәңірі» командасы жеңімпаз атанды. Сонымен бірге белсенді қатысушыларға Алғыс хаттар табысталды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

400 ПӘТЕРЛІК 10 ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қызылордада Ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен сол жағалаудағы 400 пәтерлік 10 тұрғын үйді иелеріне табыстау рәсімі өтті. Қоныс тойын тойлаушылар – тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар.

Аймақ басшысы құрылыс саласындағы ауқымды жұмыстарды атап өтіп, құттықтау лебізін жеткізді.



Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер, кейінгі 3 жылда барлық ауданда алғаш рет жаңадан 1800-ге жуық пәтер табысталды. Өткен жылы 2 477 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 36 млрд. теңге қаралса, биыл кезекте тұрған азаматтарға 2 400 пәтер табыстау үшін 55 млрд. 600 млн. теңге жоспарланған. Соңғы жылдары қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

«Өңірімізде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамтуда, инфрақұрылымды қайта жаңғыртуда тиісті шаралар қабылданған. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, пайдалануға берілді.

Азаматтарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда. Бүгін – мемлекеттің қолдауын сезініп, баспаналы болуға ниет еткен әрбір отбасы үшін ерекше қуанышты күн!

Қасиетті Рамазан айында, Наурыз мерекесі қарсаңында алған жаңа шаңырақтарыңыздың іргесі берік, керегесі кең, іші татулық пен берекеге толы болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында тұрғын үйді сапалы етіп салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, қоғам қайраткері Имамадин Оңғарбаев бата берді.

БЕЛКӨЛ КЕНТІНІҢ САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

№ 221 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 189 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Белкөл кенті, «Жаңа» шағын ауданы № 14.

Шекаралары: Белкөл кенті:

М. Есмаханов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62;

Т. Абуов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40; 3-линия көшесі - № 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62;

1-линия түйік көшесі - № 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62;

Зеленая көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23;

К. Шахаманов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12;

С. Ыбырайұлы көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13;

Путейцев түйік көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;

Қ. Өбдіқадіров көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22;

№ 1 квартал (толығымен);

№ 2 квартал (толығымен);

№ 3 квартал (толығымен);

№ 4 квартал (толығымен);

№ 5 квартал (толығымен);

№ 6 квартал (толығымен).

№ 236 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 145 Бірқазан орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Белкөл кенті, Көкжиде айырығы, Көкжиде көшесі, № 6 құрылыс.

Шекаралары: Белкөл кентінің Бірқазан ауылы және Көкжиде айырығы.

Қызылорда қаласы әкімінің 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № 18 шешімімен құрылған

ИЗБИРАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК ПОСЁЛКА БЕЛКУЛЬ

Избирательный участок № 221

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 189» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, поселок Белкуль, микрорайон «Жана» № 14.

Границы: поселок Белкуль:

улица М. Есмаханова - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62;

перулок 1-линия - № 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62;

улица Т.Абуова - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40;

улица 3-линия - № 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62;

улица Зеленая - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23;

улица К. Шахаманова - № 1, 2, 3, 4,

5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12;

улица С. Ыбырайұлы - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13;

перулок Путейцева - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;

улица К. Абдықадірова - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22;

№ 1 квартал (полностью);

№ 2 квартал (полностью);

№ 3 квартал (полностью);

№ 4 квартал (полностью);

№ 5 квартал (полностью);

№ 6 квартал (полностью).

Избирательный участок № 236

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 145 «Бирқазан» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, поселок Белкуль, проезд Кожиде, улица Кожиде, строение № 6.

Границы: село Бирқазан и разъезд Кожиде поселка Белкуль.

Образована решением акима города Кызылорда № 18 от 23 сентября 2021 года

ОБЛЫСТЫҚ СОТТА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

ҚР Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінде бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелеріне арналған семинар ұйымдастырылды. Оған ҚР Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті басшысының орынбасары Е.Бөрібаев, Департаменттің құрылымдық бөлім басшылары, сондай-ақ бірқатар уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Семинарды Департамент басшысының орынбасары Е.Бөрібаев ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің өзектілігіне ерекше тоқталды.

Семинар барысында бухгалтерлік есеп жүргізу және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде заңнама талаптарын сақтау, шарттарды азаматтық заңнамаға сәйкес дайындау, сондай-ақ оларды сатып алу ерекшеліктеріне қарай толықтыру мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алу, жауапкершілікті күшейту және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру бағытындағы өзекті мәселелер қозғалды. Сонымен бірге Қорқыт ата атындағы мемлекеттік сатып алулар басқармасының басшысы С.Ильясова, ішкі аудит департаментінің өкілі Ө.Ұзақбаев, мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері Ұ.Сыздықова және Д.Қаратаева баяндама жасады.

Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

2026 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА “ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ” КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ, ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Біржан Әкежан Алмасұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15:00 ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті, Жамбыл Жабаев көшесі №8	32-1-65

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде
тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы күәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі
нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ТАЗА РТҰДА

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде орман дақылдарын отырғызуға, өңірлік экологиялық саммитке дайындық, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруда атқарылған жұмыстар жайында баяндама жасады.

– «Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында өңірімізде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар атқарылуда.

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлердің демеушілігімен демалыс орындары, ойын, спорт және орталық алаңдар қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде.

Соңғы жылдары демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, ел игілігіне берілді.

Күні кеше 14 млрд. 900 млн. теңгеге қайта салынған Президент саябағы ашылды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

2024 жылы «Қазақстан-Корея» бизнес форумы аясында облыс әкімдігі мен корейлік With you E&C компаниясы арасында Қызылорда қаласында жылына 300 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және кедеге жарату зауытын салу бойынша меморандумға қол қойылды.

Жоба With you E&C компаниясының 37 млрд. 800 млн. теңге инвестициясы арқылы қаржыландырылады, үш кезеңде іске

асырылады. Бірінші кезеңде қолданыстағы полигон 7 млрд. 500 млн. теңгеге жаңғыртылып, қалдықтарды сұрыптайтын заманауи кешен салынады. Бұл полигонның қабылдау қуаттылығын жылына 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сұрыпталған қалдықтар басқа өндірістерді шикізатпен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, пластикалық тұрмыстық, алюминий бұйымдары, қағаз және картон.

Екінші кезеңде 10 МВт-тан астам электр энергиясын өндіретін қоқыс өртеу зауыты салынады. Үшінші кезеңде жыл бойы өнім беретін жылыжай салу жоспарлануда.

Мемлекеттік қолдау шарасы ретінде «Белкөл» кенті аумағынан 4 гектар жер учаскесі берілді. Қаржыландыру «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы жүргізілуде. Зауыт құрылысы 2026 жылдың сәуір айында басталады, іске қосылғаннан кейін 160 жаңа жұмыс орны құрылады.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару, сұрыптау және өңдеу бағытында «Жасыл даму» АҚ 98 млрд. 700 млн. теңгеге қаржыландырылған 9 жоба бар. Жаңақорған ауданындағы сұрыптау кешенін іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен 475 млн. теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынды. Тағы екі полигон жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтіп, қаржыландыруға ұсынылды.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру және тұрғындарды тазалыққа ынталандыру үшін жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Соңғы үш жылда жобаға 2 млрд. 64 млн. теңге бөлініп, үздік елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының арнайы қатысуымен Қызылордадағы Президент саябағы аумағында IBIS қонақүйінің іргетасын қалап, капсуласын салу рәсімі өтті.



Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

– «Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен облысымыздың бюджеті жылдан жылға ұлғаюда, даму бюджетінің көлемі 4,3 есе өсті. Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып,

IBIS ҚОНАҚҮЙІНЕ КАПСУЛА САЛЫНДЫ

жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

2022-2024 жылдары облыс экономикасына 1 трлн. 600 млрд. теңгеге жуық, 2025 жылы 750 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды. 2021

Халықаралық талаптарға сай келетін үш жұлдызды IBIS қонақүйі жобасының құны 6 млрд. теңге, мұнда бір мезетте 100-ден астам келушіге қызмет көрсетіледі. Пайдалануға берілгеннен кейін 100-ге жуық адам жұмыспен қамтылады. Осы үлгідегі қонақүйлер желісі әлемнің 70-тен астам еліне кеңінен таралған. Еліміздің Астана, Алматы, Ақтөбе және Атырау қалаларында да табысты жұмыс істеп келеді.

Биыл 753 млрд. 300 млн. теңгеге бағаланған 14 ірі жобаның құрылысы жүргізілуде.

Заманауи талаптарға сай етіп салынатын қонақүй шетелдік, отандық туристер мен қонақтарымызды қабылдайтын, іскерлік байланыстарды нығайтатын орталыққа айналатынына сенімдімін. Маңызды жобаны жүзеге асыруға бастамашы болып, зор үлес қосқан инвесторларға, құрылысшыларға шынайы алғысымды, зор ризашылығымды жеткіземін. Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен тағы да құттықтап, құрылыстың сәтімен аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектестігімді білдіремін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Eastland Estates Ltd жеке компаниясының бас директоры Алмат Данкенов сөз сөйледі.

МАРАПАТЫ МОЛ МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТ

Қызылорданың «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен еліміздің жаңа Конституциясының қабылдануына орай мерекелік салтанатты жиын өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Ұлыстың ұлы күнімен және жаңа Ата заңның қабылдануымен құттықтады.

– «Президентіміз «Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі» деп атап өтті.

Жаңа Ата заңымыз тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымызды сақтайды. Азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды.

Біртұтас Қазақстан халқының барлық мақсат-мүддесі

қамтылған халықтық Конституция еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақордада өткен салтанатты жиында Президентіміз бүкіл халық атынан жаңа Ата заңымызға, «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Енді Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін боламыз.

Баршаңызды жаңа Ата заңымыздың қабылдануымен шын жүректен құттықтаймын», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосқан азаматтар «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.


Мерекелік салтанат «Томирис» би ансамблінің, Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрінің, аймақ өнерпаздарының концертімен жалғасты.

АЛҒАШҚЫ «ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Қызылордада Ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары мен зиялы қауым өкілдері, барлық ауданнан келген делегаттардың қатысуымен еліміздегі алғашқы «Құзыреттілік орталығы» ашылды.

Аймақ басшысы өңірдегі серпінді жобаларға тоқталып, жаңа орталық ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

– «Наурызнама бойынша бүгін – Жаңару күні. Айтулы мерекеде Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен салынған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған сәулетті, жаңа заманауи «Құзыреттілік орталығын» ел игілігіне табыстаудамыз. Қаламызға көрік беретін жаңа, әсем ғимаратымыз құтты болсын! Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қоғамның түрлі саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Бұл – экономиканы дамыту және инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін қажетті бастама» деп атап өтті.



Өткен жылы Президентіміз «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өңірлерде «Құзыреттілік орталығын» салуды тапсырған болатын. Елімізде баламасы жоқ, бірегей орталық республика бойынша алғашқы болып аймағымызда бой көтерді. Орталық бизнес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған ортақ алаң болады.

Орталық студенттерді халықаралық кәсіби шеберлік жарыстарына даярлау, сарапшылық қауымдастықты дамыту, жұмысшы мамандықтарының танымалдығын, жастардың жұмысшы кәсібіне деген қызығушылығын арттыру жөніндегі бірыңғай жаттығу базасына айналады. Өңірдегі жұмысшы құзыреттіліктері бойынша жастардың кәсіби дағдыларын қалыптастырып, педагогтердің, жас мамандардың озық технологиялармен жұмыс істеуіне, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып қалыптасуына мол мүмкіндік береді.

Жаңа заманауи ғимарат республикалық, халықаралық, деңгейдегі форумдар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер өткізуге де бейімделген.

Жұмысшы мамандықтар мәртебесін көтеріп, қоғамда еңбек адамдарын танымал етуге, дәрежесін көтеруге, ең үздік қоғамдық және өндірістік дәстүрлерді анықтап мәртебелеуге, жастарды кәсіби еңбекке баулуға бағытталған орталық ел игілігіне қызмет ете берсін! Жұмысшы мамандықтарының бағалануы – бұл елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына оң әсер ететін маңызды қадам.

Аймағымызда білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн. 159 млрд. теңге, биыл 302 млрд. 196 млн. теңге қаралды. 2022 жылдан бері 43 жаңа заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. Баршаңызды қаламызға таңғажайып көрік берген, заманауи сәулетімен ерекшеленетін «Құзыреттілік орталығы» ғимаратының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен жаңа нысанның құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов сөз сөйлеп, тұрғындарға құттықтауын жеткізді.

Екі қабатты 1000 орындық жаңа ғимарат кезінде заңсыз сыртқа кеткен активтер есебінен қаржыландырылды.

“ПРЕЗИДЕНТ КІТАПХАНАСЫ” ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ САЛЫНАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Kazakhmys Holding ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огаймен кездесті. Кездесуде тараптар «Қызылорда қаласында 600 мың сақтау бірлігіне арналған Президенттік кітапхана салу» жобасын іске асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, барлық негізгі мәселелерді келісіп, жобаны бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.

Мемлекет басшысының өңірге жұмыс сапары барысында білім беру және мәдени ортаны дамытуға бағытталған бастамалар көтерілген болатын. Осы бастамалар аясында Қызылорда қаласында Президенттік кітапхана салу туралы шешім қабылданды.

– «Бұл – өңірдің білім беру және ғылыми инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадам», – деп атап өтті Нұрлыбек Нәлібаев.

Кездесуде жобаны іске асыру тетіктері, тараптардың қатысуы, инженерлік инфрақұрылымды дайындау және жер телімін рәсімдеу мәселелері талқыланды.

Эдуард Огай компаниялар тобы атынан жобаны қолдауға және құрылыс жұмыстарын жеделдетілген кесте бойынша орындауға дайын екенін жеткізді.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағынан кітапхана құрылысына арналған жер телімі анықталып, уаскені таңдау туралы алдын ала акт пен сызбалар дайындалды. Қалалық мәслихат пен жер комиссиясының хаттамалық шешімдері қабылданды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы аталған аумақта орналастыру жобасын әзірлеуде.

Тараптар жобаны барынша қысқа мерзімде жүзеге асыру туралы келісімге келді.

“ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫНА” ҚЫЗЫҚТЫ

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев жаңадан ашылған «Құзыреттілік орталығының» жұмысымен танысты. Екі қабатты, сәулеті ерекше, 1000 орындық жаңа ғимарат қайтарылған активтер есебінен салынған. Мұнда студенттер халықаралық кәсіби шеберлік жарыстарына дайындалады. Орталық сарапшылық қауымдастықты дамыту, жұмысшы мамандықтардың танымалдығын, оған жастардың қызығушылығын арттырудың бірыңғай жаттығу базасына айналады.

Кәсіби дағды қалыптастыруға, педагогтердің, жас мамандардың озық технологиялармен жұмыс істеуіне, еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып қалыптасуына жол ашды. Жаңа әрі заманауи ғимарат республикалық, халықаралық, деңгейдегі форумдар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер өткізуге де бейімделген. Айта кету керек, өңірде білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн. 159 млрд. теңге, биыл 302 млрд. 196 млн. теңге қаралды. 2022 жылдан бері 43 жаңа заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді.

Ұлыстың ұлы күнінде Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев жақында ғана пайдалануға берілген сол жағалаудағы тұрғын үйлерге барды. Депутаттар жаңа пәтер алған тұрғындардың қонысына құтты болсын айтты. Жылдар бойы кезекте тұрып, жана үйге қол жеткізген қызылордалықтардың қуанышында шек жоқ.



Мереке қарсаңында табысталған 10 тұрғын үйді «Интегрострой», «Орион ЛТД», «Техоснастка-ремсервис», «Асар», «Авангард ПТС», «Аман құрылыс» және «Промстройсервис Е» серіктестіктері салған. Баспана кезегінде тұрған 400 отбасы өз Наурызды жаңа қоныста қарсы алуда. Өткен жылы 2 477 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 36 млрд. теңге қаралса, биыл кезекте тұрған азаматтарға 2 400 пәтер табыстау үшін 55 млрд. 600 млн. теңге жоспарланған. Соңғы жылдары қаламызда заманауи жана дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеріп келеді.

Наурыз мерекесінде Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев жақында ашылған Президент саябағына барды.

Қала тұрғындары мен қонақтарының демалысын, бос уақытын тиімді өткізуге үйін қайта салынған саябақ алыстан көз тартады. Мұнда заманауи субұрқақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді. Сонымен қатар бұл аумақта бірқатар ірі жоба қолға алынған. Атап айтқанда, 300 орындық заманауи балалар лагері, Ботаникалық білім беру орталығы, тоғыз қабатты 15 тұрғын үй, 200 тосектік жаңа перинаталдық орталық салынуда.

Алдағы уақытта жаңа драма театр мен заманауи Президенттік кітапхананың құрылысы басталмақ.

КӨШПЕНДІЛЕР НАУРЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАҒАН?

Наурызды көбіне көктемнің жаршысына балаған көне мереке деп білеміз. Бірақ Ұлы даланың көшпенділері үшін оның мәні бұдан әлдеқайда терең болған. Бұл жай ғана жыл мезгілінің ауысуын атап өтетін күн емес, ғарыштық үйлесім қайта жаңаратын, тіршілік атаулы жаңа ырғаққа түсетін ерекше сәт саналған. Кезінде Наурыз рәміздерге, салт-жоралғыларға, әуен мен иіске дейін өзара сабақтасып жатқан тұтас мәдени-ғұрыптық жүйе болған. Кеңестік кезеңдегі тыйымдар мен ұзақ жылдарға созылған ұмытылудан кейін Наурыз халқымыздың өміріне қайта оралды. Алайда жаңғырумен бірге оның бастапқы болмысы мен мазмұнының біраз қыры көмескіленіп қалды. Арнайы Қалат үшін этнограф, мәдениеттанушы Серік Ерғали көшпенділердің Наурызды әр дәуірде қалай қарсы алып, қалай тойлағанын әңгімелейді.

НАУРЫЗ ТАРИХЫ

Наурыз тарихы біз ойлаған уақыттан әлдеқайда ерте басталған. Алматыдан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде Таңбалы кешені бар. Көненің көзіндей петроглифтер — қарапайым аңшылық көріністер емес, Наурыздың тасқа қашалған космогониялық сызбасы деуге болады. Композицияда күн басты антропоморфтық бейне — Күн-Тәңір, оған қарсы тұн кейін — Іңір бейнеленген. Тәңір мен Іңір құшақ жаы көрісіп тұр. Ортасындағы төрт түрлі сиыр тұрпаты: бұзау, баспақ, бұқа, көтерем сиыр — жылдың төрт маусымы. Төменгі бөлігінде шеңбер жасап билеп тұрған он екі тұлға — мүшелдік айналым. Бұл — күн мен түн теңелген сәт, жылдың жаңаруын, ғарыштық үйлесімді бейнелеген рәсімдік композиция.

ТАҢДЫ ҚАРСЫ АЛҒАН 365 КҮЙШІ

Сақтар мен ғұндардың жаңажылдық бас таңды қарсы алу рәсіміне қатысты рим тарихшысы Квинт Руфті (б.з.б. 1-ғасыр) айналып өте алмаймыз. Ол өз еңбегінде ежелгі парсылардың ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазды



Сақтардың күн құдайы Митра бейнеленген сақинасы. Б.з.б. 5-4-ғасырлар

Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасында күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Сол өнерпаз бозбалалар тойдың шырайын келтіріп, бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны секілді 365 күй тартылған. Содан соң бүкіл елдің батагөй абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй шертектен. Мереке әрі қарай бүкілхалықтық қуаныш-қызыққа ұласқан.

Ал этнограф Жағда Бабалықұлы сол заманда Наурыз мемлекеттік деңгейдегі мереке болғанын алға тартады:

«Қытай деректерінде жазылғандай, ғұндардың хандары — тәңірқұттар Наурыз басталатын күні тау басына шығып, ұясынан жаңа көтерілген күнге қол жайып, тілек сұрап, дұға қылады. Ол дұға қайырғанда, тәңірқұттың арқа тұсында қолында қобызды бар абыз отырады. Тәңірқұт дұғасын оқып бітіргесін, абыз 9 қоңыр күй тартады екен. Одан кейін 365 күйші бір-бірден күй тартады. Содан кейін наурыз тойы басталатын болған».

Наурыззаманы алғашқы зерттеушілердің бірі Тоқтасын Өмірзақовтың айтуынша, Наурыз — зороастр дәстүрімен бірге келген парсылардың мерекесі деген сенім болғанымен, оның мән-мағынасы көшпенділер әлемімен біте қайнасып жататын.

Наурыз мерекесі дала дүниетанымындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып және әлеуметтік тәжірибемен толығып, дәл осы дала мәдениетінің аясында бірте-бірте рәміздерге, ғұрыптарға және қоғамдық дәстүрлерге бай мазмұнға ие болды. Ол күнтізбедегі мереке ғана болып қалмай, әлемнің жаңаруын бейнелейтін күрделі рәсімге айналды. Бұл күні жасалған әрбір іс-әрекет, әр жоралғының өз мәні, өз ишарасы болды.

Бұл күні түркілер жаман киім киіп, шаш пен сақал-мұртын түзеп, наурыздама кезінде алты күн садақ атып машықтанған. Тәңірлік танымда садақ — кеңістіктің, оқ — уақыттың баламасы, садақ — аналық бастау, оқ — аталық бастау, садақ — аудың, оқ — ағаштың (бәйтеректің) таңбасы ретінде ұғынылған. Жетінші күні жамбы атып жарысқан. Жамбыға алғаш тигізген мергенге бір күнге ел билеу құқығы берілген.

НАУРЫЗДЫҢ ТӨРТ ӨЛШЕМІ: ДӘМ, ҮН, ӨҢ ЖӘНЕ ИІС

Дәм. Наурыздағы дәм санатының басты көрiнiсi — наурыз көже. Қазақ дәстүрінде наурыз көжеге жеті түрлі дәмнің қосылуы кездейсоқ емес. Бұл — жеті қазынаны, жеті қабат ғаламды бір қауызға сыйдырған бастапқы жаратылыс күйін суреттейтін мифологиялық модель. Наурыз көже арқылы алуан түрлі заттың біте қайнасуына көз жеткіземіз. Сондықтан наурыз көже — тек тағам емес, ғаламдық тұтастықтың нышаны. Оған сур ет пен уыз қосылған. Өйткені сур ет — өткен шақ, уыз — осы шақ. Екеуі қосылып, болашақты тудырады.

Үн. Наурыздың екінші маңызды санаты — үн. Түркі дүниетанымында үн тек дыбыс емес, ғарыштық үйлесімді реттеуші. Таңды «оятатын» у-шуға толы ауылдық ғұрып — арқасына қуыршақ байланған, құйрығына тесік шелек ілінген тайыншаны үркітіп, азан-қазан етіп ауыл ішімен айдап өтетін жоралғы, этнограф Ақселеу Сейдімбек жазғандай, 1950 жылдарға дейін ел ішінде сақталған. Бірақ бұл жұртты күлдіріп, көңіл көтеруге арналған жай қызық емес еді. Бұл Наурыздың келгенін білдіретін ғұрыптық ишара болатын.

Өң. Наурыздың үшінші санаты — өң. Ақ түс — өлім мен қартаюдың белгісі, ал спектрдің жеті түске жіктелуі — туудың, жаңалықтың, дамудың айғағы. Мысалы, текемет, сырмақ, құрақ көрпені жаю, жарқын түсті киіну, кеңістікті жарқын түске бөлеу — ғаламның қайта түлеген күйін бейнелеу амалы. Айта кетерлігі, 19-ғасырда оңтүстіктегі қазақтар арасында Сейіл мерекесі кезінде тауық жұмыртқасын түрлі түске бояу дәстүрі болған. Бұл ғұрып кейінгі кезеңдерде ұмытылғанымен, оның көне мәдени қабаттағы орны айқын сезіледі.

Иіс. Наурыздың төртінші санаты — иіс. Түркі танымında иіс — кеңістікті тазартатын, рухты сергітетін, зұлым күштерді ығыстыратын тылсым құбылыс. Арша тұтату, жұпар иіс жағу, шелек пісіру — барлығы осы санатқа жатады. Мысалы, арша түтіні арқылы кеңістік аласталып, жаңа жылға лайық күйге келтіріледі. Шелек пісіргенде шыққан иіс — тіршіліктің, берекенің, жаңа ырыстың белгісі және қос дүниені тазартуды, жаңартуды білдіреді.



Киіз үйдің барлық бөліктерін орнатуға дейін және орнату барысында арша түтінімен аластайды

Бұл рәсімдер арқылы уақыттың жаңа айналымы тазарып, киелі күйге енеді. Ал аластау ғұрып бүкіл ауылды, мал-жанды құмтыған.

ОЙЫНДАР МЕН ҒҰРЫПТАР

Наурыз тойлау кезінде ойналатын ойындардың да астары айрықша терең болған.

Мәселен, көкпар жай ғана ат үстіндегі күш сынасу емес. Бұл — он екі айдың Күнге таласы іспетті тартысты ойын. Мұндағы құрбандықты ежелгі Ай мен Күннің тайталасына алаңдау кезіндегі наным деуге болады. Мәселен, ай мүйізді ақсеркені не боз қасқа малды құрбандыққа шалу — Күнге табынушылардың «Айды құрбан етуі» деуге негіз бар. Себебі ежелгі халықтар мүйізді мал — ешкі мен сиырды Айдың нышаны деп қабылдаған. Яғни бұл — жарықтың қараңғылықты жеңуі туралы сенімнің ат үстінде қайта-қайта қайталанып отыратын көрінісі.

Алтыбақан — ғаламның жасампаз алты күні, ал сырық санының жетеу болуы әуелгі жеті планетаны білдіреді. Көлденең тартылған жетінші сырық — Күннің белгісі, ол сәулесімен Күн жүйесін жарықтандырып, біріктіріп тұрады. Бірақ ежелгі нұсқасында көлденең сырық болмаған. Алтыбақанды күн батқанша құрып бітіргесін ойын басталып, таң атқанша жалғасады. Бұл дегеніміз — Жұт (табиғи әлем-тапырық — хаос) пен Жаманаттың, Түнектің киесі саналатын Іңірге сырық бермеу ниетінің көрінісі, әрекеті, ырымы. Сондықтан алтыбақан — Наурызда таңды қарсы алу ғұрыпның бір атрибуты. Қыз бен жігіттің алтыбақанда тербелуі — Күн мен Айдың үйлесімін паш ету, Тәңір мен Іңір шарпысын болдырмау.

Жамбы ату әуелде ай секілді бақырды жебемен атып түсіру ғұрып болған, сәуірт, түннің нышаны — Айды мұқатту арқылы наурыззаманың басты ойын-сауығы басталған. Тіпті айтыс өнерінің де түп-тамыры ежелгі Күн мен Айға табынушылар арасындағы тартыстардан тарайды. Бертін келе абыздар бұл тартысты бейбіт өнер сайысына жеңдіруге тырысқан. Сол себепті Өлі мен Тірінің, Жаз бен Қыстың, Қыз бен Жігіттің айтысы, сайып келгенде, Наурыздың насихаты ғана емес, екі полюстің шарпысуының өнердегі проекциясына айналады.

ЖЫЛ БАСЫ ҚАЙ КҮН?

Бүгінде Наурыз ресми түрде 21–22 наурыз күндері аталып өтеді. Алайда тарихи деректер бұл мерекенің бастапқы уақыты басқа болғанын көрсетеді.

Шөкәрім Құдайбердінің ұлы Ахаттың естелігінде: «14-март — ескіше 1-март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1-март, қазақша жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні дейді» деп, күнтізбенің бүгінгі 14 наурыздан басталатынын ескертті.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейі де Наурыз ескіше 1–8 наурыз (жаңаша 14–21 наурыз аралығы) аралығында сегіз күн бойы ресми аталып өтіп,

арты бұқаралық мерекелерге ұласатынын айтады: «Жиырма тоғыз жасымда Бұхарай-Шәрифте Ғабдалахыд ханның наурыздама тойының сегіз күн ішінде болдым. Ұдайымен жүреміте үш кісіні жыққанға бір шапан бәйге, дәл сегізінші күн «Мазар Шариф» деседі. Қожа Баһауалдин әулиенің қасындағы хауызға қант төгіп, суды қант татытып, жұрт жабыла ішіп, «той тарқар» болады».

Этнограф Әбубәкір Диваевтың зерттеуінде: «Хамал деп біз халықтық есеп бойынша жылдың басталуын айтамыз. Хамал (наурыз) айы 31 күннен тұрады. Осы айдың 15-күні — құстардың келуі, күн мен түннің теңелуі және жаңа жылдың басталуы» деп жазылған.

Бұл жерде сөз болған құс, көктемнің келгенін сүйіншілейтін наурызек — шақшақай (трысогузка)



Шақшақай құсы

екені байқалады. Аңыз бойынша, дәл осы сұр-қара қауырсынды, сары бауырлы кішкентай құс көктемгі күн мен түн теңелетін күні ұшып келіп, жаңа жылдың басталғанын хабарлайды.

«НАУРЫЗ» АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Наурыз атауына байланысты да көпшілік біле бермейтін бір жайт бар. Қазақ ұғымында «Наурыз» сөзі ұзақ уақыт бойы айдың атауы емес, тек мерекенің атауы ретінде қолданылған. Ал наурыз айының өзін ел көбіне «амал» деп атаған. Сондықтан халық арасында «Амал келді — жыл келді» деген сөз орныққан.

Осы тұрғыдан қарағанда, «Амал» да, «Керісу» де мерекенің тікелей атауы емес. «Амал» — оның келетін мезгілі, жылдың жаңару шағы. Ал «Керісу» — жаңа жылдың алғашқы күніндегі қауышу, бір-бірімен арнайы амандасу ғұрып. Бұл — алты ай қыстан аман шыққан жұрттың құшақтасып қауышатын, тамыры тереңде жатқан көркем де мәнді ғұрып.

13-ғасырда Моңғол империясының ұлы ханы Құбылайдың ордасына барған саяхатшы Марко Поло Ақ ай, яғни жаңа жыл мерекесін былай суреттейді:

«Тағы бір айтарым, билер мен әміршілер ғана емес, бүкіл халық бір-біріне ақ түсті сыйлықтар тарту етеді, құшақтасады, қуанып, думандатып той жасайды. Мұның бәрі жыл бойы бақ-берекемен, татулықта өмір сүру үшін жасалады».

1989 жылы ай атауларын қазақшалағанда, «марттың» бұрын халық арасында кеңінен қолданылған «амал» атауын «наурыз» деп өзгертті. Өйткені ай атынан басқа да ауа райы мен түрлі ай тоғыстарына орай кемінде «амалдың» жеті түрі бар. Ай атауы осылармен шатастас үшін Наурыз мейрамына байланыстырып, «наурыз» атауы бекітілді. Айтылғандай, бұрын қазақ мерекені ғана «наурыз» деп атаған.

Солайша, Каспийдің арғы бетіндегі қазақтар «қамал» (қамал, хамал, һамал секілді араб-парсы жазбаларынан қабылданған) десе, бергі бетіндегі қазақтар «амал» атады, Жайық бойындағылар «керісу-айт» деп атап кетті. Мұның бәрі 20-ғасырда болған жайттар, оның арғы жағында — «наурыз», ал әспеттеген атау — «ұлыс күні» еді. Яғни 14 наурыз — мүшелдік Жыл басы болғандықтан, қазақ оны «Ұлыс күні» атаған. «Ұлыс күні» деген сөз тіркесі қосылып «ұлыс» аталып кеткен. Бұл ғаламдық деңгейдегі, адам ықпалынан тыс «Ұлыс күні» болып саналған.

Qalam-nan

«БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – ӘЗ НАУРЫЗ»

Қызылорда қаласының Сол жағалауындағы «Қайсар-арена» стадионы аумағында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Өбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен «Береке бастауы – әз Наурыз» атты мәдени-көпшілік шара өтті.

Көктің тынысын тыңдаған, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-анамен тығыз байланыстырған ата-бабаларымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы деп есептеген. Уақытпен бірге жаңарған Қызылорда қаласының сән-салтанаты Ұлыстың ұлы күні қарсаңында бұрынғыдан да арта түскендей. Қала көшелері Наурыз мерекесінің айшықты көріністерімен, ұлттық нақыштармен безендірілген.

Кейінгі күндері ызғардың да беті қайтып, күн шуағын молынан төкті. Көктемнің жаңаруымен үндескен қала келбеті ерекше құлпырып, мерекелік көңіл-күйді сезіндірді. Жаңа стадион алаңына 60-қа жуық киіз үй тігіліп, береке мен бірліктің нышанындай ақ дастархан жайылды.

Аймақ басшысы жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтап, Сыр өңірінің даму жолындағы жаңашылдықтар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

- «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймағымыздың барлық саладағы қарқынын ерекше атап өтті, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшымыз Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталғанын, 400, 500 орындық ем-ханалар, 200 орындық перзентхана мен жаңа драма театр, заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады. Республикалық, халықарлық маңызы бар жаңа автомобиль жолдарының құрылысы туралы айтты.

Жақында ғана «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңін бастадық. «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы да биыл қолға алынады.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге толайым табыстармен, жаңалықтармен келсін! Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың болашағы баянды болсын! Егініміз бітік шығып, қамбамыз астыққа толсын! Әр шаңыраққа Қыдыр қонып, құт дарысын», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Наурыз мерекесіне орай тігілген киіз үйлер алдында көрмелер мен салт-дәстүр қойылымдары қойылды. Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай 35 баланың тұсауын, айдарын кесу рәсімдері өткізіліп, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.

Мәжіліс депутаты Мұрат Өбенев құттықтау сөз сөйлеп, көпшілікке ізгі тілегін жеткізді.



Кітапхана



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Көпшілік дауыс әрдайым әділдіктің өлшемі бола бермейді.

Фридрих Шиллер, неміс ақыны, драматург, философ (1759-1805)

Маңғыстауда бұдан тура төрт жылға жуық уақыт бұрын газ бағасының қымбаттауынан туған наразылық қозғалысы Қазақстанның жаңа тарихындағы ең ауқымды және ең қайғылы шеруге айналды. Қанды қаңтар оқиғалары 258 адамның өмірін жұлып өкетті, мыңдаған адам жаракат алды, жүздеген адам сот жүзінде жазаға тартылды.

Сол күні көптен бері сыздап ауырып, жаңға батып келе жатқан сыздауық ақыры шарт етіп жарылды. Әдетте шырққан шикан сыртқа шапшып шыққан кезде іріңге қан қосылып бүрк ете калушы еді. Бұл жолы да тап солай болды. Сөйтіп, жаңажылдық мерекенің мезіретінен әлі толығымен ажырай қоймаған ұйқылы-оюлы Қазақстан кезекті оны екі айлық циклдың басын аса әлеуетті қарсылық қозғалысы шерулерімен қарсы алды. Оны жылдың соңғы күні сұйытылған газ бағасының кенеттен өзгеріп, бірден екі есеге жуық өсіп кеткеніне ашу-ыза білдірген мұнайлы-газды Маңғыстау өңірінің, соның ішінде бұрыннан өздерін еркін ойлы, әділдік сүйгіш ел ретінде танытып келе жатқан жүз мыңнан аса адамы бар Жаңаөзен қаласының тұрғындары 2022 жылдың 2 қаңтары, жексенбі күні қуатты арнаға салып жіберді.

Негізгі Бас прокуратура кейін анықтап жасаған оқиғалар хроникасына сай, толқудың кіріспесі содан бір күн бұрын кешкі сағат 17:20-да орын алған екен. Сол уақытта қала тұрғындары өкімдік ғимаратының алдына жиналып, шетін келген шикі шешіммен келісе алмайтындарын білдіреді. Олар сағат 18:00-де өздерінің ел басшылығынан бағаны төмендетуді сұраған бейнеүндеулерін жазып, жүзге жуық адам ың-шыңсыз үйлеріне тарап кетеді.

Жаңаөзен - 1964 жылы салынған жаңа қала. Ол 1968-1995 жылдар аралығында орысша да, қазақша да «Новый Узень» болып аталды. Каспий теңізінің жағалауына біршама жақын орналасқан шаһар мен оның маңындағы ауылдарда 150 мыңға жуық халық тұрады. Мұнда үш ірі мұнай компаниясы жұмыс істейді, алайда ұлттық құрамының 98 пайызын қазақтар құрайтын тұрғындардың басым бөлігі кедейшіліктің көпшігін қағып отыр. Бұл бір жағынан облыстың шалғайлығы мен тауарлар бағасының жоғарылығына да байланысты - бұл жаққа азық-түлік өнімдерінің барлығы дерлік сырттан әкелінеді. Устірттегі жұртта жұмыссыздық деңгейі де жоғары, баспанаға деген қардарлықтың қалбасы да күйіп тұр. Соңғы кездері жергілікті тұрғындарға мұнай компанияларына жұмысқа тұру жолында шетелдік жұмысшылармен, әсіресе қытайлықтармен бәсекеге түсуге тура келіп жүр. Бұлдардың барлығына қоса, климаты қатал аймақтың жазында температура Цельсий бойынша 50 градусқа дейін жетсе, қыста сақырлаған сары аязы қатты желмен бірге өреді.

Жаңаөзеннің қоғамдық-саяси тарихы Қазақстанның басқа қалаларынан күрт ерекшеленеді. Елдегі көптеген адамдар үшін бұл қала биліктің азаматтарға әділетсіз қарым-қатынасының нағыз нышанды символы іспеттес. Шаһар тұрғындарының өсіре әділетсіздікке, құстана күйде күш көрсетушілікке төзбейтін болмыс-бітімі сонау кеңес кезінде-ақ атойлап көрінген. Ол кезде Одақтағы бір қаланың өздерін билеп отырған режимге, билік қалыптастырып алған тәртіпке қарсы шығуы өте-мөте сирек, тіпті жоққа тән жайт болатын. Ал жаңаөзендіктер 1989 жылы маусым айында сондай көтеріліске тәуекел етіп, диктаторлық қоғамға қарсы көтерілді. Мұның да түпкі себебі жергілікті қазақ жұртының бөрінен мақұрым қалып, мұнай кен орындарының бар рахаты мен артықшылықтарын келімсектердің көріп жүргендері болды. Жатжұрттықтардың көлденең байлықтың буына қатты масайрағандары сондай, жергілікті тұрғын халықты адам құрлы көрмей, ойларына келгендерін істейтін. Күндердің бір күнінде ақыры іште ыза мен кек

«СЫЗДАУЫҚ СЫЗЫ – СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗ»

болып буылып жүрген жанартау атылды. Ол бір би кешінде қазақтар мен кавказдықтардың шекісіп қалуларынан от алып кетті. Бұл облыстағы қазақтар саны жалпы халықтың 50 пайызына енді ғана жеткен алғашқы жыл еді. Осы жамағат бір түннің ішінде қаланы тікесінен тік тұрғызды. Тарихшылардың айтуларына, сол күндері көшеге 25-50 мыңның шамасында адам шығып тұрған. Көтерілістерді басуға орталықтан «Витязь» арнайы жасағы келтірілген. Соның өзінде тәртіпсіздік 4 тәулікке созылған. Мәскеудің әскери күштері халыққа қарсы әрекеттерінде әр алуан танктерді, транспорттерлерді, жауынгерлік тікұшақтарды және басқа да техникаларды пайдаланған. Қақтығыста бес адам қаза тауып, жүзге жуық адам жарақат алған. Аймақта төтенше жағдай жарияланып, коменданттық сағат бір айға созылған. Бірақ дүрбеленің соңында қала «ұзын ақшаның» ізімен келген келімсектерден толық құтылды, бір ай бойы аймақтан 600-ден аса сырт адамы шығарылды.

Қала жұртшылығы соған ұқсас теперішті 2011 жылдың 16-18 желтоқсан күндері де бастан кешті. Сол жолы 18 адам оққа ұшты. Бұдан соң да Жаңаөзен жұрты талай мерте наразылық қозғалыстары мен шерулеріне шықты. Ондай жағдай жыл сайын дерлік қайталанып келді.

Тұтқиылдан туып кеткен аласапыран ахуалға қатысты алғашқылардың бірі болып Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы Бердібек Қартбаев өз ойын білдірді. Оның пікірінше, газ бағасының қымбаттауына электронды биржада жанармай саудасының басталып кетуі, Жаңаөзеннің май құю станцияларының өздеріне керекті өнімнің бір бөлігін сатып алып келген оның Атырау облысындағы литрінің босатылу құны 95-100 теңгеге көтерілуі бірден-бір себепкер болған. Ал арада бірер күн өте Энергетика министрлігіндегілердің мұндағы сатылмы бағасын өңірдің өкімдігі де, министрліктің өзі де қадағалай алмайтынын, оны тек өсіп келе жатқан сұранысқа жауап ретінде нарық қана реттеп отыратынын, осыған сәйкес бағаны қайта қараудың болмайтынын мәлімдеулері жағдайды ушықтыра түспесе, қозғалыстың қарқынын өсте бәсеңсіте қоймады.

Сондықтан мәселеге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың араласуына тура келді. Ол дүйсенбіге, 3 қаңтарға қараған түні жиын өткізіп, Үкіметке аймақтағы ахуалды шұғыл талқылауды қатаң тапсырды. Мемлекет басшысы сонымен бірге шерушілерді қоғамдық тәртіптің шырқын бұзбауға шақырды. Дәл сол

шығарды. Айналадағы дүкендердің бәрі биліктің тікелей тапсырмасымен жабылды, интернет ажыратылды», - деді өз есімін атамаған белгісіз бір кісі.

Президент бұдан бұрын Үкіметке берген тапсырмасында «Жаңаөзендегі жағдайды экономикалық жағынан жаңғырту тұрғысында шұғыл қарастыру» қажеттігін атап өткен. Кейінірек Премьер-Министрдің сайтында Маңғыстау облысында газ бағасын төмендетіп, оны реттеп тұру межеленгені, ал май құю бекеттері қожайындарының «өз бастамаларымен» сұйытылған газдың литрі бағасын 85-90 теңгеге түсіруге уәде бергендері жайлы хабарлама пайда болды. Алайда мұндай «жалпақшешейлік» ереуілге шығушыларды қанағаттандырмаған жоқ, олар бағаны өткен жылдың соңына дейінгі мөлшері - 60 теңгеге қайта апарып қоюды үзілді-кесілді талап етті. Сондықтан Министрлер Кабинетінің артына «Бәсекекелестікті қорғау және дамыту агенттігі баға жөнінде алдын ала сөз байласу фактісімен май құю станцияларының меншік иелеріне қатысты тергеуді бастады», - деп тәкпір етуден өзге амалы қалмады.

Түнге қарай Жаңаөзенде алаңға жиналғандармен кездесуге Маңғыстау облысының

II-тарау

ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

Әйткенмен олар аталып өткен екі жылғыдай көлемде бола қойған жоқ. Осылардың бәріне кешік келгенде, қалың елді ереуілдер мен шерулердің шеңберіне қуып әкеп тығуды көздегендер осы ерекшеліктерді ескіп, ескеріп келгенге ұқсайды. Сондықтан жылдар тоғысар тұстағы өліра кезеңде бұлайша «көгілдір отын» құнының күрт артып шыға келуі тектен тек болмаса керек. Жағдайдың сын-сипаты барлық жағынан алып қарағанда да, мұның өзі алдын ала арнайы ұйымдастырылған акция сияқты болып көріне береді. Олай дейтініміз, біріншіден, бағаның аз да емес, көп те емес, тура екі есеге көтерілуі үлкен күмән тудырады. Себебі бұл өңірде оның қымбаттау халі бұған дейін де сан мәрте орын алғанымен, тап мынадай болып ешқашан қатты шарықат көрмеген еді. Екіншіден, бүткіл батыс өңірлеріндегі секілді, Маңғыстауда да көліктердің дені сұйытылған газбен жүреді. Демек, оның бағасын осыншалықты еселеп арттыру жергілікті жұрттың шабына қасақана ши жүгірту үшін жасалған. Үшіншіден, бағаның өтпелі шақта ескеніне қарамастан әрі бар-жоғы бір тәуліктен сәл аса уақыттың ішінде халықтың түгел түп көтеріліп, көше бойлап шығып кетуіне қарағанда, олардың арасында осындай жағдай орын алатынын күні бұрын біліп, соған жерлерінен жедел қайымдастыра білген белгілі бір топ болған. Ал арандату араныңдағы алпауыттар, әлбетте, биліктің жоғары шалонында отырған. Олар өз кезегінде бұл қитұрқы істе «арандатушы теке» рөлін атқаруды республика ауқымындағы газ еншілігі тізігінің ұстаған әріптестеріне тапсырған. Енді оның нақты мақсатына келсек, бұл қасқуындер осы арқылы тұрғындардың қалың тобының толқуымен сол кездегі ел билігін, нақтырақ айтқанда, іс басындағы президентті тақтан тайдырып, оның орнына өздеріне қолай көрген тұлғаны өкел қонжита салмақ болған.

Шынында өткен жылдың соңына шекті литрінің бағасы 50-60 теңгеден сатылып келген сұйытылған газды 120 теңгеге дейін апарып қоя салудың діті тек маңғыстаулықтарды бас көтеруге шығуға арандатушылық қана болғанын кейінгі оқиғалар тізбегі айқындай түсті. Мұны ойластырғандар мұнайлы түбек төрінде тәзімді тітіркенген төрбелістің толқыны мен дүмпуі ілешала батыс өңірлердің халқын түгел қамтып, артынша күллі еліміздің көлеміне көлбей тартауын өте жақсы білген. Бұған қоса, олар республиканың барлық облыс орталықтары мен іргелі елді мекендерінде де дүрбеленді іліп әкетуге тамызық болып, отқа май құя түсетін жасауылды жарандар даярлап қойғанға ұқсайды. Мұны кейін қозғалыстың шоқтары елдің ірі қалаларын былай қойғанда, кейбір аудандар орталықтарына, тіпті бірқатар ауласы мол ауылдарға дейін ұшып түсіп жатқандары анық аңғартар еді.

Жаңаөзендегі жанартаудың атқылауы ертеңіне кең ауқымды бейбіт шеру түрінде өріс алды. Онда басында азаматтардың газ бағасын төмендету жөніндегі өтініштері алға тартылып, соңы тұрмыс деңгейін жақсарту мен жергілікті билік өкілдерін түгел отставкаға жіберуді талап етуге ұласып кетті. Тұрғындар, атап айтқанда, сұйытылған газдың литрін 120 теңгеден бұрынғы белдеуінен де арзандатуды талап еткен бейнеүндеу жариялады. Расында бұл Қазақстанда 2022 жылдың 1 қаңтарында ең төменгі жағақының мөлшері 60 мың теңге (138 АҚШ доллары) болып белгіленіп тұрған жағдайда жұрттың басым көпшілігінің қалталары көтере алмайтындай баға болатын. Осыған бір жағы қайран қалып, бір жағы қапа болған жүздеген қамқөңіл адам өздерінің билік саясатына көңілдері толмайтындарын білдіру, бағаны түсіруді талап ету үшін таң атқаннан Жаңаөзеннің орталық алаңына жиналды.

кезде Маңғыстау облысының өкімшілік орталығы - Ақтау қаласының жаңаөзендіктерге ынтымақтастық білдірген әлденеше жүздеген тұрғыны бір мезетте көшеге шығып, шаһар орталығына жиналды, сол жерден өтетін күре жолдың сорабын екі жақтан бірдей жауып тастады. Осыдан кейін екі қаладағы шерушілер топтарының талаптарына өңірдегі өзге мұнай кәсіпорындарының жұмысшылары біртіндеп қосылып жатты. Бірінші жұмыс күні «Бұрғылау жұмыстары басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымының қызметкерлері шерушілер талаптары алдағы жақын бірнеше күннің ішінде орындалмаса, өздерінде ереуілге қосылуға дайын екендерін жеткізді.

Осы жерде бір айта кететін жайт, министрліктің баяндауына, облыста газ өндірумен бір ғана кәсіпорын - «Қазақ газ өнд. зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналысатын көрінеді. Ай ауқымында 14,5 мың тонна сұйытылған газ өндіретін бұл зауыттың қауқары тұтынушыларды газбен толық қамтамасыз етуге жетпейді, сондықтан сырттан қосымша газ көлемін сатып алу қажеттілігі туындаған. Бұған қоса, 1973 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын жабықтықтарының тозу деңгейі бұл уақытта 90 пайызға жеткен. Сол себепті серіктестік электронды сауда-саттық жүйесіне тез көшіп, газды нарықтың нобайымен сата бастағаннан кейін мәселені жаңа зауыт ашу арқылы шешпек болған екен.

Жаңаөзендік ереуілшілер аяз бұған түннің бұдан да ызғарлы болмағ тұрғанына қарамастан, алаң аумағынан кете қоймады, олардың көбі қала көшелерінің бойларында танды қарсы алуға бел бұды. Осы күні түнде өңірдің оңтүстік-шығысына орналасқан өзіндік орны бар монокала жұртына қолдау көрсету арқылы өздерінің мұңздарларын жоғары билікке жеткізбек болған Ақтау қаласының ондаған тұрғыны көше кенересіне шығып, наразылық акциясын бастап кетті.

Кейінірек көрер түнде көзбен атырған олар түні бойы полицейлердің сақина етіп жасаған қоршауы ішінде отырып шыққандарын айтты.

Наразылық шеруінің екінші тәулігі, 3 қаңтар, дүйсенбі күні қарсылық қозғалысын қолдағандар құрамы бірден күрт көбейе түсті. Енді қатарға өңірдің бірнеше елді мекені қосылды. Сөйтіп, ертеңгілік мезгіл мезетінде шерушілердің жалпы саны мыңнан асып кетті. Осы күні ереуілшілермен құқық қорғаушылар бірінші рет бетпе-бет келіп ұстасып, қақтығысып қалды. Соның салдарынан наразылар тобынан 20 адам қамауға алынды. Мұның артына желіде осы көріністер түсірілген видеолар пайда болды. Олардың біразы вацап арқылы тарап жатты. Түс ауа Жаңаөзендегі қарсылар үш мың адамға жуықтады, акцияға жергілікті кәсіпорындардың жұмысшылары да қосылды. Сол мезет Үкімет қалаға Министрлер Кабинетінің үш мүшесі - Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың, Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиевтің және Бәсекекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы Серік Жұманғариннің аттанып кеткенін хабарлады.

Осы күні Ақтау қаласындағы орталық алаңға акцияға қатысушылардың жаңа толқыны келіп құйылып, ондағы қара-құрым жұрттың ауқымын едәуір арттыра түсті. Бұлардың да алды мұнда кеше кештен бері тұрған болып шықты. Бірақ ешкім мән бере қоймаған. «Біз өлі де тұра береміз. Бізге кешеден бері билік өкілдерінен ешкім келген жоқ», - десті олар «Настоящее Время» басылымының тілшісіне. Ал бүгін бұлардың қатары мыңға таяп қалыпты. Сол сәт олар орталық алаңнан өтетін жолды екі жағынан да жапты. «Түнде мұнда өте көп мөлшерде полицейлер мен арнайы жасақ келіп, біздің бір шетімізді алаңнан ығыстырып

өкімі Нұрлан Ноғаев келді. Ол биліктің бүгін ғана жанармай құю бекеттері бар кәсіпкерлермен газдың бағасын 80-90 теңгеге дейін төмендетуге келісімге келгенін баяндады. Бірақ бұған шерушілер қанағаттанбады. Ендігі басты ұран «Газ - 50» болды. Жұрт бұдан ары бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаев отбасының саясаттан біржола кетуінен сөре тартқан өңімелерінің мазмұнын өкімдер сайлауына дейін апарып жеткізіп, өткір саяси талаптар қоя бастады. Қоғам белсенділері ұсынған бұл бес талап режимді ауыстыру, әрбір облыстың басшысын тікелей жолмен сайлау, 1993 жылғы Конституцияны қайтару, азаматтық қоғам белсенділерін қуғынға салуды тоқтату, билікке билеуші партияға қатысты жоқ жаңа тұлғаларды екеу деген бес тармақтан құралды. Ашуға мінген жұрт ақыр соңында Ноғаевқа «Мәселені оңды шеше алмасаңдар, қызметтен кетіңдер» деп айқайлап, шерушілер ортасынан шығып кетуіне дәліз ашып берді.

Наразылықтың үшінші күні, сейсенбі, 4 қаңтарда таңынан Жаңаөзенде митингке жиналғандар қатары күрт көбейе түсті. Алаң төрінен микрофондар мен дыбысты күшейтетін қондырғылар орын алды. Жергілікті билік «Бейбіт шеруді қорғау» қорын құрып, онда жиналған ақшаны киіз үйлерді жалға алу мен ас-су ұйымдастыруға жұмсауға шешім қабылдады. «Азаттық» радиосы алаңға жиналғандардың бірінші кезекте 2011 жылы биліктің бірнеше ай бойы ереуілге шыққан мұнайшыларды күшпен басып тастаған кезде қаза тапқандарды еске алу рәсімін жасағандарын жазды. Дәл осы сәтте Президент «Келіміздегі тұрақтылық мүддесі үшін туындаған мәселенің өзара қолайлы шешімін табу міндеті» жүктелген Үкімет комиссиясы құрылғанын хабарлап, шерушілерді осыған орай «жауапкершілік пен диалогқа дайын болуға» үндеді.

Бұл күні Ақтаудағы орталық алаңда да наразылық шарасы бұрынғыдан бетер қуатты күшпен жалғасты. Бұдан бөлек, облыстағы бірқатар ауылдардың тұрғындары видеондәулер жазып, акцияға өздерінің үндерін қосты. Осы күні өңірге кеше келген Үкімет комиссиясының мүшелері шерушілер өкілдерімен жағдайды реттеу жөніндегі келіссөзді бастады. Олар соңынан орталық алаңдағы ереуілшілердің алдына шығып, газ бағасы ұзамай төмендетілгені жатқанын жеткізді, сонымен бірге осы арандатуға жол бергендердің жауапкершілікке тартылмайтынын ашып айтты. Жиында сөз алған Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов Маңғыстау облысының тұрғындары үшін сұйытылған газдың литрі 50 теңгеге дейін арзандатылатынын мәлімдеді. Бұл жайттарға байланысты түсіндірме Премьер-Министр баспасөз қызметінің парақшасы арқылы ертеңіне таратылды. Онда: «Үкімет комиссиясы Ақтау қаласында «Ынтымақ» алаңына жиналған белсенділермен кездесті. Кездесуде бұған дейін Ақтау қаласындағы бастамашылдар тобымен жүргізілген келіссөздердің барысында қабылданған шешімдер жайы айтылды, соның ішінде Маңғыстау облысында «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде сұйытылған газ литрінің бағасын 50 теңге (0,11 доллар - ред.) етіп белгіленгені баяндалды», - делінген.

Сөйтіп, бір-ақ пәсте бұған дейінгі газ бағасын 1 қаңтардан екі есеге көтеріп, 120 теңгеге жеткізу жөніндегі терең ойластырылмай қабылданған шалағай шешімнің күл-талқаны шықты. Бірақ мұнымен де ескелең өңірдегі өжет өрендердің өрекіпен екіпесі кілт тоқтай қойған жоқ. Жергілікті ақпарат құралдарының жазушына, дәл осы күні наразылық акциялары Жаңаөзеннен бөлек, сол атыраптағы Құрық, Ақшұқыр елді мекендерінде де тоқтаусыз жүріп жатты. Оның шақар шапанының шалғайы аймақ аумағынан асып, Атырау алабына да жеткен. Ал ең ірі ірікт Ақтау қаласының төрінде төгілді. Ондағы өкімдік алдындағы алаңға таңнан бастап мыңға жуық адам жиналды.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

КЛИКБЕЙТ: ДАУЛЫ ТАҚЫРЫПТАР НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі фишингтік сайттардың қауіптілігі туралы ескертеді. Алаяқтар азаматтардың фишингтік сайттарға күмәнді сілтемелер бойынша өтуі үшін «кликбейттік» деп аталатын тақырыптарды пайдалануы мүмкін. Кликбейттің мысалдары «Тек бүгін! iPhone жарты бағамен, тек... жасауыңыз керек...», «Сіз сенбейсіз! Жаңа жылдың құрметіне сыйлықтар таратылуда!», «Бұл сенсация! Егер сіз түнге ... ішсеңіз, ешқандай тұмау мен коронавирус қорқынышты болмайды».

Алаяқтар жоқ ұйымдардың, дүкендердің және т. б. атынан электрондық пошта арқылы, әр түрлі мессенджерлерде кликбейттік тақырыптары бар хаттарды жібереді. Кейбір тақырыптар видеомен бірге жүреді, алайда оны көру үшін гаджетке арнайы қосымшаны орнату керек. Егер пайдаланушы қосымшаны жүктесе, онда зиянды бағдарламалық қамтылымды орнатады, оның көмегімен алаяқтар дербес деректерге және құрылғыны қашықтан басқаруға қол жеткізе алады.

- Сілтеме бойынша өтсе, не болады?

Пайдаланушылар егжей-тегжей жағдайларды білу үшін тақырыптың үстінен басқан кезде, олар фишингтік сайтқа түседі. Мұндай интернет-ресурс түпнұсқа, мысалы, жаңалықтар порталының, онлайн-дүкеннің және т. б. көшірмесі болып табылады.

Егер бұл онлайн-дүкеннің жалған парағы болса, онда пайдаланушылардан банктік деректерін енгізу сұралады, ал жалған тапсырыс берілгеннен кейін кибералайқтар барлық төлем ақпаратына ие болады.

Алаяқтық кликбейттің белгілері:

бет ұзақ жүктеледі және сізді басқа сайтқа бағыттайды; кликбейтті басқан кезде сізден бірдеңе жүктеу сұралады. Маңызды: егер сіз осындай белгілерге тап болсаңыз, қосымшаны дереу жабыңыз, ештеңе жүктемеңіз және сұралатын деректерді енгізбеңіз.

- Гаджеттеріңізді қалай қорғауға болады?

теңшеулерде басқа дереккөздерінен бағдарламаларды орнатуға тыйым салуды іске қосыңыз, антивирусты орнатыңыз, пайдаланыңыз және жаңартыңыз; жарнаманы бұғаттайтын браузер үшін кеңейтуді пайдаланыңыз (AdBlock, uBlock Origin, Ghostery, AdGuard және басқалары). Жарнама бұғаттаушылары көп жағдайда тегін және алаяқтардың әрекеттерін бұғаттауға көмектеседі.

ДЕНСАУЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ӘСКЕРГЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ БАР МА?

Әскерге жарамдылықтың 6 санаты бар екен. Олар:

- «А» – әскери қызметке жарамды;
 - «Б» – кішігірім шектеулермен әскери қызметке жарамды;
 - «В» – әскери қызметке шектеулі жарамды (келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге және әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлеріне қатысты);
 - «Г» – әскери қызметке уақытша жарамсыз;
 - «Д» – бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды;
 - «Е» – әскери есептен басқа әскери қызметке жарамды емес.
- Денсулық жағдайына байланысты әскерден босатуға жататын аурулардың тізімі бар. Мысалы, туберкулезбен, көз ауруымен, қатерлі ісікпен және басқа да аурулармен ауыратын адам әскерге мүлдем жарамсыз деп танылады. Тізім мерзімді түрде жаңартылып отырады.

МОБИЛЬДІ БАНКИНГТЕГІ АҚШАНЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Мобильді банкинг күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды: пайдаланушылар шоттарды төлейді, ақша аударады және кез келген уақытта және өлемнің кез келген нүктесінен сатып алады. Дегенмен, ыңғайлылықпен бірге киберқауіптер де өсуде. Банктердің сенімді қорғауын ескере отырып, алаяқтар техникалық осалдықтарды емес, пайдаланушылардың қателіктерін көбірек пайдаланады.

Қоғамдық Wi-Fi желісімен абай болыңыз!

Кафелердегі, сауда орталықтарындағы және отельдердегі қоғамдық Wi-Fi желілері қауіпсіз болмауы мүмкін. Алаяқтар жалған кіру нүктелерін құруға, трафикті ұстап қалуға немесе зиянды элементтерді енгізуге қабілетті.

Қорғау үшін:

- қай желіге қосылатындығын тексеріңіз – қызметкерлерден желінің ресми атауын тексеріңіз;
 - егер сайттың немесе қосымшаның интерфейсін өзгеше болса, логиндерді, паролдерді немесе карта деректерін енгізбеңіз;
 - қажет болса, қорғалған қосылымды пайдаланыңыз – мысалы, мобильді интернет немесе өзіңіздің құрылғыңыздан кіру нүктесі арқылы;
 - операциядан кейін сессияны қосымшадан аяқтаңыз.
- Сенімді құпиясөздерді қолданыңыз!**
- Банктік қосымшаның құпиясөзі күрделі және бірегей болуы тиіс. Өлеуметтік желілер немесе электрондық пошта үшін бірдей құпиясөзді пайдаланбаңыз.
- Қорғауды арттыру үшін:
- ұзақтығы кемінде 10 символ болатын құпиясөз ойлап табыңыз;
 - түрлі тіркелімдердегі әріптерді, цифрларды және арнайы символдарды қолданыңыз;
 - құпиясөздерді телефондағы жазбаларға немесе мессенджерлерге жазбаңыз;
 - қажет болған кезде құпиясөздердің сенімді менеджерін (мысалы, Google-ға немесе Apple ID-ға орнатылған) қолданыңыз.

Екі факторлы аутентификацияны қосыңыз (2FA).

Екі факторлы аутентификация – бұл кіруді біржолғы код арқылы растауды (мысалы, SMS бойынша) талап ететін қосымша қорғау. Ең жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

- банк қосымшасының теңшеулерінде 2FA-ны іске қосыңыз;
 - SMS немесе мүмкіндігінше аутентификациялау қосымшаларын (Google Authenticator, Microsoft Authenticator және т.б.) қолданыңыз;
 - қоңырау соғушы өзін банк қызметкері ретінде таныстырса да растау кодтарын телефон арқылы немесе мессенджер арқылы жібермеңіз.
- Банктің хабарламаларын іске қосыңыз.**
- Шот бойынша кез келген операциялар туралы SMS немесе push-хабарламаларды қосыңыз. Бұл сізге күдікті белсенділікті бірден байқауға және қолжетімділікті дереу бұғаттауға мүмкіндік береді.

Қосымшаларды тек ресми дереккөздерден жүктеңіз.

Мобильді банк қосымшаларын тек ресми дүкендерден (App Store, Google Play) және тек ресми әзірлеушілерден орнатыңыз. Мессенджерлердегі, хаттардағы, SMS немесе өлеуметтік желілердегі күмәнді орнату сілтемелері бойынша өтпеңіз – бұл зиянды бағдарламалық қамтылымды орнатуға алып келуі мүмкін.

Құрылғыға қолжетімділікті шектеңіз.

- бұғаттан алу үшін PIN-код, саусақ ізін, немесе Face ID қолданыңыз;
 - құпиясөздерді ашық күйінде, әсіресе жазбаларда немесе ашық құжаттарда сақтамаңыз;
 - телефоныңызды жоғалтып алған жағдайда сим-картаны және қосымшаларға қолжетімділікті дереу бұғаттаңыз.
- Қосымша қауіпсіздік шаралары:**
- аударымдарға тәуліктік лимит белгілеңіз;
 - банк қосымшасындағы белсенді құрылғылар тізімін тұрақты түрде тексеріп тұрыңыз;
 - телефон нөміріңізді ауыстырған жағдайда, операцияларды растау және хабарламалар алу мүмкіндігін сақтау үшін бұл туралы банкке міндетті түрде хабарлаңыз.

Сондай-ақ, Агенттік банктердің қызметкерлері растау **кодтарын**, құпиясөздерді немесе карта деректерін **ешқашан сұрамайтынын** ескертеді. Егер сіз күдікті белсенділікпен бетпе-бет келсеңіз, дереу банкке жүгініңіз.

ДИПФЕЙКТЕР: АЛАЯҚТАР ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АЛДАУ ҮШІН ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНАДЫ?

Алаяқтар үшін дипфейк кибер-шабуылдар жасау және азаматтардың құпия деректерін ұрлау үшін тамаша құрал болып табылады.

Дипфейк – бұл ЖИ-дің көмегімен өңделген фото, бейне немесе аудио жазба. Бұл технология адамдардың бет-өлпетін жасауға, кез келген дауысты, ишараны қолдан жасауға немесе адамның сөзіне ол ешқашан айтпаған сөздерді қосуға мүмкіндік береді.

Кейбір сервистер өте сапалы болмаса да, тек бір бейненің немесе бірнеше секундтық дауыс жазбасы арқылы дипфейк-бейне немесе аудио жасай алады.

- Қасқүнемдер дипфейктердік көмегімен не істей алады?

банктік шотқа қол жеткізу, оны қолма-қол ақшаға айналдыру және жалған кредит беру үшін біреудің фото, бейне немесе аудио жазбасын қолдан жасау;

қайтыс болған адамның деректерін ұрлау, банктік онлайн-қызметтерге қол жеткізу үшін оларға «жан бітіру» және т.б.;

ГРАНТ АЛУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Business.enbek.kz порталында «Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға» өтінімдер қабылдау басталған уақытта өтінім беру үшін:

- порталда тіркелу;
- «БастауБизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқу курсы аяқтау;
- грант алу шарттарына сәйкестігін тексеруден өту;
- бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға жүктеу;
- өтініш формасын толтырып, ЭЦҚ кілтімен қол қою керек.

Мемлекеттік грант 400 АЕК-ті құрайды және нысаналы мақсаты жаңа бизнесі іске қосу және дамыту болып табылатын өтеусіз негізде тек бір рет ғана беріледі.

ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУ ҮШІН ЖЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Азаматтарға жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін табыстау Қазақстан Республикасының Жер Кодексімен реттеледі. Осы Кодекстің 44 бабының талабына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесі сұралған кезде азаматтардың өтініштері арнайы есепке алынады және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай қанағаттандырылады – делінген.

Осыған орай, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері жер кезектілігі негізінде табысталатын болады.

- Аукционмен жер учаскесін қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 48-бабының талаптарына сәйкес «Е-ақзула» мемлекеттік мүліктер тізілімі порталы арқылы сауда-саттыққа (аукционға) қатысу арқылы алуға болады.

МАРҚҰМДЫ ЖЕРЛЕУ ҮШІН ТАПСЫРЫС БЕРУДІ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕУ КЕРЕК?

Марқұмды жерлеу үшін зиратқа барып жүгіну керек. Жерлеу тапсырмасын қабылдауды зират әкімшілігі қайтыс болу туралы куәлік немесе қайтыс болғаны туралы медициналық куәлік ұсынылғаннан кейін жүзеге асырады. Қайтыс болған адамды жерлеуді таңдау келісіммен және қайтыс болған адамның туыстарының тілектерімен анықталады.

Зиратта бос орынға марқұмды жерлеу туралы тапсырыс беру үшін туыстары міндетті болуы керек.

- Жерлеуге өтініш;
- жерлеуді ұйымдастыратын жеке куәлік.

Зират әкімшілігіне жерлеу уақыты туралы бір күн бұрын алдын-ала хабарлау керек.

Зираттың басшылығына қайтыс

жалған дауысты қолдану: «туыстардан», «бастықтан», «банк қызметкерінен» қоңыраулар және т.б.

Назар аударыңыз: Алаяқтар азаматтардың сеніміне кіру және оларды алаяқтық схемаларға тарту мақсатында мемлекеттік органдар басшыларының, сондай-ақ банктер мен басқа да қаржы ұйымдары жетекшілерінің бейнелерін заңсыз пайдаланады.

- Дипфейкті қалай ажыратуға және алданып қалмауға болады?

Мына белгілерге назар аударыңыз: адамның біртүрлі жыпылықтауы немесе оның бейнеден жоғалуы, ретсіз сөздер, аздап кекештену немесе роботтың тоны. Бұдан басқа, алаяқтар әрқашан адамды асықтырады («дәл қазір керек»), қайта қоңырау шалуға тыйым салады, өңіміні құпия ұстауды сұрайды.

Қасқүнемдер түрлі инвестициялық онлайн-платформаларда ақша табуға белсенді түрде кеңес береді, оларға қатысу үшін жалған сайттарда өз деректерін қалдырып, ұйымдастырушыларға аз мөлшерде ақша аудару керек. СМС-тен кодтар мен карта

деректерін жібермеңіз, хабарлар мен жарнамалардан сілтемелерге өтпеңіз, ақпаратты ресми көздер арқылы тексеріңіз.

Маңызды: Егер жақын адамыңыз немесе досыңыз қоңырау шалып, шұғыл ақша аударуды сұраса, өңіміні аяқтап, оған өзіңіз қоңырау шалыңыз. Алаяқтар емес, ол сізге өзі шынымен қоңырау шалғанын тексеріңіз.

Есіңізде болсын: танымал және құрметті адамдардың суреттерін қолданатын «жарнамаға» сенудің қажеті жоқ.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде қаржы ұйымдарының мобильді қосымшаларының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдайды. Қазіргі уақытта қаржы ұйымдарының клиенттеріне қашықтан қызмет көрсету кезінде негізгі фактор ретінде биометрияны міндетті түрде пайдалана отырып, екі факторлы аутентификацияны міндетті түрде қолдану талаптары қолданылады. Толығырақ ақпарат сайтында қолжетімді.

НЕСИЕ АЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРТТАР БАСТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ?

Бөлімге келіп кәсіп ашу бойынша ақпарат сұраған жеке кәсіпкер және жеке тұлғаға басты шартының қажет ететін несие тарихы таза яғни, ешқандай несие бойынша 90 күннен асқан мерзімі өткізіп алған күндері болмау немесе жеке кәсіпкерлік шоттары ашық болуы және кепіл мүліктің құжаттары толыққанды рәсімделіп түгел болуы. Осы екі шартты дұрыс болған жағдайда кәсіп түріне байланысты мемлекеттік бағдарламалар ұсынылады.

ҚАРЫЗ РЕСІМДЕУ КЕЗІНДЕ ҚОСА ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛЕДІ?

Қоса қарыз алушы – бұл қарыз алушымен бірге кредит шартына қол қоятын және оның орындалуына ортақ жауапты адам. Бұл қарыз алушы қарызды өтемеген жағдайда, банк қосалқы қарыз алушыдан міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалуын талап етуге құқылы екенін білдіреді. Егер қарыз алушының банктен мақұлдау алу үшін өз кірісі жеткіліксіз болса, қоса қарыз алушы көбінесе ипотеканы ресімдеу кезінде тартылады. Нәтижесінде қарыз алушы мен қосалқы қарыз алушының кірістері жинақталады, бұл кредитті мақұлдау мүмкіндігін арттырады.

Алайда, қосалқы қарыз алушының жауапкершілігі қарыз алушының жауапкершілігіне тең; мерзімі өткен жағдайда банк кез келген шоттарынан қаражатты есептен шығара алады, мүлікті өндіріп алады немесе сотқа жүгіне алады.

Кепілгерден (кепілдік берушіден) айырмашылығы, қосалқы қарыз

алушының кірісі кредит сомасын есептеу кезінде ескеріледі. Бұл ретте қоса қарыз алушының тәуекелдері жоғары: ол қарызды белгіленген кепілдік шегінде ғана емес, толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

- Қоса қарыз алушы нені білуі қажет?

Кредиттік мәмілеге қатысуға келісім бермес бұрын: шарт талаптарын мұқият зерделеу; қарыз алушы төлемге қабілетсіз болған жағдайда қарызды өтеудің қаржылық мүмкіндігін бағалау; міндеттемелер шарттың толық орындалуына дейін, тіпті бірнеше қосалқы қарыз алушылар болған жағдайда да сақталатынын ескеру маңызды.

Қоса қарыз алушы болмас бұрын, барлық тәуекелдерді мұқият бағалау ұсынылады. Тәуекелдерді тиісті бағалаусыз бөгде адамға кредит ресімдеуге қатысу аяғы қаржылық салдарға әкелуі мүмкін.

ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАНЫ БЕРУГЕ КІМ ҚҰҚЫЛЫ?

Жеке медициналық кітапшаларды беруге медициналық қызметке лицензиясы бар ұйымдардың құқығы бар. Медициналық қарап-тексеру жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеуді декреттелген адамдар дербес не тараптардың келісімі бойынша жұмыс беруші жүргізеді.

болған және жерлеуді ұйымдастыратын адамдар туралы мәліметтер затын қарай тіркеу талоны беріледі, сонымен бірге бөлінген учаскенің көлемі мен зираттың мекенжайы көрсетіледі.

Марқұмның туыстары жерлеу қызметтерінің компаниясына тіркеу талонын ұсынады.

Жерлеу қызметтері бөлімінде қайтыс болған адамның туыстары (немесе жақын адамдары) жерлеу қызметтері компаниясы директорына марқұмның аты-жөні және тұрғылықты жерін көрсете отырып, қайтыс болған адамды жерлеу үшін жерді белгілі бір зиратқа жері мен мекенжайы көрсетілген жер учаскесін бөлу туралы өтініші толтырады.

Өтініште қайтыс болған адамның

деректері, сондай-ақ жерлеу қызметтерінің көрсететін серіктестіктің атауы, олардың жұмысының күні көрсетіледі.

Жерлеу қызметтерінің құнын төлегеннен кейін қайтыс болған адамның туыстарына фискалды чек беріледі.

Қайтыс болған адам туралы барлық мәліметтер (жеке куәліктің көшірмесі, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі немесе медициналық куәлік көшірмесі), сондай-ақ қайтыс болған адамның туыстарының (немесе жақындарының) деректері тіркеу журналына енгізіліп, қабірді дайындауға жауапты тұлғаларды көрсетеді.

Отбасылық қабірге жерлеуге рұқсатты зират әкімшілігі жерлеуді ұйымдастыратын адамның келесі құжаттары болған жағдайда береді:

- қайтыс болу туралы мемлекеттік анықтама немесе қайтыс болу туралы медициналық анықтама;
 - бұрын отбасылық қабірге немесе отбасылық жерлеуде жерленген адамның қайтыс болғаны туралы анықтама;
 - қайтыс болған адам мен бұрын отбасылық жерлеуде жерленген адам арасындағы туыстық фактіні растайтын құжаттар.
- Жерлеуге рұқсат марқұмның жақын туыстарына беріледі.

"Ақшамның" асханасы

ӨЗГЕШЕ КОФЕ

Қажетті заттар: 80 мл. апельсин шырыны, 50 мл. кофе, 50 мл. эспрессо, тұз қажетіне қарай.



Дайындалуы: Негізгі кофенің салқын болғаны дұрыс, әрі қышқыл дәмдісі. Стаканға мұзды саламыз. Үстіне апельсин, ананас шырындарын құямыз. Содан соң салқын кофені қосамыз. Кішкене ванил сиропын, немесе бір тамшы ликер қосуға болады.

КҮРКЕТАУЫҚ ТІСКЕБАСАРЫ

Қажетті заттар: 250гр. айсберг капуста, 3 жұмыртқа, 2 түйір қызанақ, 1 түйір қиыр, 200 гр. күркетауық төс еті (негізінде кезкелген етті пайдалануға болады), 2 шымшым тұз, 1 шымшым бұрыш, 1 ас қасық зәйтүн майы, 1 пармезан.



Дайындалуы: Асылған жұмыртқаны дөңгелекше етіп тураймыз, етті шағын-шағын етіп, қызанақты жарты дөңгелекше етіп тураймыз. Айсберг капуста, қияр бәрін салып, әбден араластырамыз. Тұз, бұрышты татымына қарай салып, зәйтүн майымен араластырамыз. Тәрелкеге салар алдында салаттың үстіне үккіштен өткізіп пармезан саламыз.

ШОКОЛАД ЧИЗКЕЙК

Қажетті заттар: 200 гр. шоколадты пешенай, 70 гр. сары май. Қоспасы: 250 гр. қара шоколад, 400 гр. ірімшікті сыр, 20 мл. кілегей 33-35%, 80 гр. қант пудрасы. Топпинг: 100 гр. қара шоколад, 50 мл. кілегей 33-35%, 1 шымшым теңіз тұзы.

Дайындалуы:

Негізгі бөлігі: блендермен шоколадты пешенайды үгітеміз. Сосын оны ерітілген сарымалға араластырамыз, қоймалжың болғанша. Содан соң қоймалжыңды чизкейк қалыбына салып, нығыздап, 15 минутқа холодильнику саламыз.



Қоспасы үшін: су "моншасында" немесе қысқа толқынды пеште қара шоколадты ерітіп, бөлме температурасында суытамыз. Ірімшікті сырды қант пудрасымен араластырып, көпіргенше шайқаймыз. Бөлек ыдыста кілегейді де шайқаймыз. Ірімшікті сырды, кілегейді, еріген шоколадты жөймен араластырамыз.

Содан соң чизкейктің негізгі бөлігіне қоспасын салып, тегіс етіп, 4 сағатқа холодильнику қоямыз.

Топпинг дайындау: шоколадты кілегеймен қосып, әбден біркелкі болғанша ерітеміз. Салқындалып, үстіне қатқан қоспаны құямыз. Үстіне теңіз тұзын себеміз. Теңіз тұзы шоколад дәмін күшейте түседі.

АСҚАБАҚ ПЕН ІМБІР СОРПАСЫ

Асқабақ талшықтарға бай. Імбір метаболизмді жылдамдатады, қабынуды жоқ етеді.

Қажетті заттар: 400 гр. асқабақ, 1 түйір сәбіз, 1 түйір картоп, 2 см імбір (тамыры), 1 литр су, немесе көкөніс сорпасы, тұз, бұрыш, татымына қарай дәмдеуіш шөптер.



Дайындалуы: барлық көкөністерді қабығынан тазартып, кубик етіп тураймыз. Су құйып үккіштен өткен імбірді жұмсарғанша 20-25 минут қайнатамыз. Содан соң біркелкі қоймалжың болғанша блендермен айналдырамыз. Үстіне дәмдеуіш көк шөптерін саламыз.

КӨКТЕМ ДИЕТАСЫ

Көктем келді. Алайда, ағза әлі толық оянған жоқ. Ұйқы қанып тұранымен, бәрібір ұйқы келіп тұрады. Дене дел-сал. Әлсіреу бар. Ылғи шаршаңқы көңіл-күй. Демек ағзаны ояту, денені сергіту керек. Сол үшін де көктемгі диетаға көшеміз. Ас мәзірінен майлы ет, шұжық, тәтті тоқаш дегендерді алып тастап, орнына шөп-шалғамға көшеміз. Ағзаның тінін құрайтын ақуызды жоғалтпас үшін балық, тауық, күрке-тауықты жиі жеп, қызыл етті аптасына бір рет жеген дұрыс.

Таңғы ас. Тоя жеген жақсы. Бірақ жеңіл тамақтанған дұрыс. Мәселен құлпынай, жаңғақ қосылған сұлы жармасы. Сұлы жармасын сүтте қайнатып, үстіне балғын, немесе мұздатылған құлпынай мен грек жаңғағын қосамыз. Құлпынай С дәруменіне бай, ал жаңғақ ұзақ уақытқа дейін тоқ етеді.

Әшкөк пен ірімшіктен омлет. Екі жұмыртқаны жарып, оған майдалап туралған әшкөк, ажелкен (петрушка), шпинат қосып, таба түбінде қызған кішкентай майға қуярамыз. Омлет қалыптаса бастаған кезде үстіне майсыз ірімшікті жайып саламыз.



Ірімшікті олады. Ірімшік, жұмыртқа, екі қасық ұн, бал, бір шымшым тұзды араластырып, табада қызған кішкене майға алтын түстес сарғыш болғанға дейін қуярамыз. Ірімшік ақуыз бен кальцийге толы, бал иммунитетті көтереді.

Түскі ас теңдестірілген, алайда тойымды болғаны дұрыс. **Ақбұршақ қосып пісірілген спаржа.** Спаржа дәрумендерге бай, ал бұршақтарда өсімдік ақуызы мол. Розмарин, тимьян қосып пісірсе тәтті болады. Гарнирге балық, немесе ас шаяндарын пайдалануға болады.

Киноа, жасымық, авокадо қосылған салат. Киноа мен жасымық та өсімдік ақуызы мол, авокадада пайдалы майлар көп. Тауық етін, немесе саңырауқұлақ қосуға болады.

Апельсин, бал қосылған тауық еті. Тауық етін апель-



син шырынына бал, соя соусын, розмарин қосып маринадтап, біршама уақытқа қоямыз. Содан соң табаға қуярамыз. Дәмді, әрі жеңіл қорытылатын белокқа бай тағам болады.

Кешкі ас. Жеңіл болғаны дұрыс. Кешке дейін ағза шаршайды. Содан да одан сайын шаршатып, тоя тамақ ішпеген дұрыс. Диетологтар кешкі асты ұйықтардан үш-төрт сағат бұрын ішкен дұрыс дейді.

Асқабақ, черри қызанағынан салат. Асқабақты пісіріп алып, тілікшелеп тілеміз. Асқабақтың цукини деген сорты болса, тіпті жақсы. Черри қызанақтарын ортасынан бөліп саламыз. Базилік жапырағын қосамыз. Лимон шырынын, зәйтүн майын қосамыз. Құнарлығы төмен, бірақ дәруменге бай.

Пісірілген тәтті картопқа (батат) лимон, дәмдеуіш шөптер қосып әзірлейміз. Алдымен картопты бөліктерге бөліп аламыз. Үстіне зәйтүн майын, тимьян, розмарин, лимон шырынын қосып, 200°C температурада 30 минут пісіреміз. Тәтті, тойымды кешкі ас.

Шалғам мен шпинат салаты. Шалғамды ұсақ дөңгелекше етіп тураймыз. Асылған жұмыртқаны да, шпинат, көк жуаны да ұсақтап турап қосамыз. Қаймақ, немесе иогуртты үстіне құямыз. Шалғам ас қорытуға жақсы, шпинатта В тобы дәрумендері көп. Ең бастысы тәулігіне 2 литрдей таза су ішуді ұмытпаңыз. Тәтті газдандырылған суларды ішпеген дұрыс.



ЖҮГЕРІ САЛАТЫ

Қажетті заттар: 1 банкі консервіленген жүгері, 2 түйір қияр, 4 түйір тауық жұмыртқасы, бір байлам салат жапырағы, 1 байлам әшкөк, дәміне қарай қаймақ, бір шымшым тұз, бір шымшым бұрыш.

Дайындалуы: Қиярды жақсылап жуып, қағаз сүлгімен құрғатамыз. Әдемілеп тураймыз. Жұмыртқаны қайнатып, пісіріп алып, майда кубик етіп тураймыз. Салат жапырағын жуып алып, құрғатып, қолмен жұлмалап тураймыз. Жүгеріні қосып, барлығын бір ыдыста араластырамыз. Тұз, бұрышын қосамыз.

Майлау үшін қаймақ қосамыз, немесе иогурт, майонез қосуға да болады. Көктемде қорытылуы жеңіл, дәмді салат.

ЖИДЕКТЕРДІҢ ПАЙДАСЫ

Көкжидек. Бұл жидектердің сыртқы қабығында антоциандар өте мол. Антоциан дегеніміз өсімдікті күлгін сәуледен қорғайтын табиғи пигменттер. Адам ағзасында да олар клеткаларды зақымдайтын радикалдарды жояды. Демек көкжидек жегенде адам терісі жақсартады, жасарады. Тері жақсы қорғалса, коллаген де жақсы түзіледі. Сондай-ақ көкжидекті ұдайы жегенде адам миы да шамамен 2,5 жылға жасарады екен.

ЖИДЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ЖЕГЕН ДҰРЫС?

Жидектерді холодильнику, немесе мұздатықшита сақтағаннан олардың әсері әлсіремейді. Көкжидек пен қаражидекте антоциан ұзақ сақталады. Алайда, диетологтар пікірінше жидектерді аптасына



бір рет жеген дұрыс. Көп жей берсе іш жүргізеді, одан бөлек оларда табиғи қант бар екенін ескерген жөн.

Көкжидек миға, таңқурай теріге, ырғай иммунитетті нығайтуға өте пайдалы.

АСКӨКПЕН БІРГЕ ЛОСОСЬ

Майлы лосось омега-3-ке өте бай. Бұл балықты жиі жегенде қабыну болмайды.

Қажетті заттар: 300 гр. лосось филесі, 2 түйір цукини, 1 түйір аскөк (фенхель) шағын тамыры, 2 ас қасық зәйтүн майы, дәміне қарай лимон, тұз, бұрыш, розмарин.



Дайындалуы: цукиниді дөңгелекше етіп кесеміз. Аскөкті жұқалап тілікше етіп тураймыз. Қалыпқа салып, үстінен май себеміз. Оның үстіне балықты саламыз. Тұзын, бұрышын себеміз. Розмарин мен бір кесім лимон қосамыз. 180°C температурада 20-25 минут пісіреміз.

ТАҢҚУРАЙ, ҚАРАЖИДЕК, ҚҰЛПЫНАЙ

Бұл жидектерде элларгиялық қышқылдар бар. Бұл қышқылдар әжімді тежейді. Қышқылдардың әсерінен коллаген шашырамайды. Терідегі



қабыну процесстері азаяды, тері жасарады.

Осы жидектердің тек жидектері ғана емес, жапырақтарында да осы қышқыл мол. Демек, құлпынай жапырақтарынан шай ішкен өте пайдалы.

ЫРҒАЙ

Біз үшін өте бейтаныс, бұл жидек негізінен Сібірде өседі. Дегенмен қазір бұл да барлық жерде қолжетімді.



Бұл жидектің өзіндік артықшылығы жидектің 3/2 бөлігі полифенолдан тұрады. Полифенол өсімдікті әртүрлі аурулардан, ыстық күннен қорғайды.

Ырғай құрамында қаражидектегі сияқты мирицетин деген зат бар. Ол обыр ауруын тежейді екен. Томск ғалымдары түрік өріптестерімен бірге ырғайдан 151 белсенді қоспаларды тапқан.

Ал оның 44-і осы уақытқа дейін беймәлім болып келген.

ЖАСЫЛ СМУЗИ

Жасыл түсті смузилердің ағзаға емдік қасиеті бар. Өйткені олардың калориясы аз, алайда дәрумендер мен минералдарға бай. Ағзаны тазартады, зат алмасуын жақсартады. Ағза ұланғанда өте пайдалы. Мысалы лайм, қияр, шпинат, алма қосылған смузи денені сергітеді. Оны таңғы ас ретінде ішуге болады. Бұдан бөлек шпинат+киви+банан смузи, авокадо+қияр+алма+імбір смузи,



алма+авокадо+салат жапырағы+киви смузи, қияр+ақжелкен смузи, авокадо+капуста+шпинат смузи, брокколи+алма+лайм смузи, киви+қияр+ананас+лимон смузи де өте пайдалы.

Қажетті заттар: бір байлам шпинат, 2 түйір көк алма, жарты лайм, 100 мл. газдандырылмаған минералды су, 1 түйір қияр.

Дайындалуы: қияр мен алманы жуып, шағын бөліктерге бөлеміз. Шпинатты да жуып, келтіреміз. Жарты лайм сөлін сығып шығарамыз. Барлығын шұңғыл ыдысқа салып, езбе етіп еземіз. Сосын газсыз минералды су қосамыз да, блендерде айналдырамыз.

МАНГО САЛАТЫ

Қажетті заттар: 1 банкі консервіленген жүгері, 1 уыс кешью, 1 байлам салат жапырағы, 1 манго, 600 гр. тауық еті.

Салатты майлау үшін 4 ас қасық зәйтүн майы, 1 ас қасық алма сірке суы, 0,5 ас қасық қыша.



Дайындалуы: Мангоның қабығын аршып, кубик етіп тураймыз. Тауық етін кубик етіп турап, майға алтын түстес болғанша қуырып аламыз. Диетада отырғандар, салмақ қосқысы келмейтіндер тауық етін қуырғанның орнына қайнатып, асып алса болады. Тауық етіне тұз қосса дәмді болады. Салат жапырағын, тіпті шпинат, тағы да басқа көк дәмдеуіштерді қосуға болады. Мангоны да. Үстіне жүгеріні саламыз, тауық етін, кешью қосамыз. Кешьюдің қуырылғаны тіпті жақсы.

Енді заправкі әзірлейміз. Ол үшін зәйтүн, немесе күнбағыс майын, қыша, сірке суын бір-біріне қосып әбден араластырамыз.